

«ҚТЖ – Жүк тасымалы»  
акционерлік қоғамы  
Президентінің  
24.06.2016 жылғы  
№ 383-ЖТ бұйрығына  
1-қосымша

**Тарифтік басшылық (прейскурант)  
(1 бөлім)**

**Локомотив тартымын , жүк вагондары мен контейнерлерді пайдаланғаны үшін тарифтерді және жүктерді темір жол көлігімен тасымалдғанда жүк және коммерциялық жұмыс қызметтері үшін тарифтерді қолдану қағидалары**

***2025 жылғы 05 қаңтардағы жағдай бойынша өзгерістерді ескере отырып***

## Мазмұны

Жалпы нұсқаулар	3-5
1 бөлім	
1. Тарифтерді қолдану қағидалары	6
2. Тарифтік қашықтықтар	6
3. Жүктің атауы	6-7
4. Жүктің массасын және төлемдердің сомаларын дөңгелектеу	7-8
5. Резервтелген	8
6. Жүктерді әмбебап вагондарда тасымалдау үшін төлемді белгілеу	8-9
7. Жүктерді мамандандырылған вагондарда тасымалдау үшін төлемді белгілеу	10-11
8. Жүктерді тоңазытқыш вагондарда, термос-вагондарда және мұздатқыш вагондарда тасымалдау үшін төлемді белгілеу	11-13
9. Жүктерді цистерналарға құйып тасымалдау үшін төлемді белгілеу	14
10. Жүктерді платформалардың тіркеулерінде, тасымалдағыштарда және габаритсіз жүктерді тасымалдау үшін төлемді белгілеу	14-18
11 Жүктерді контейнерлерде тасымалдау, контейнерлерде жүктерді арнайы тасымалдау үшін төлемді белгілеу	19-24
12. Автомобиль көлік құралына (АКҚ), интермодальды көлік бірлігіне (контейнерлерден басқа ИКБ) тиелген жүкті тасымалдау үшін төлемді белгілеу	24-25
13. Жүктерді құрама вагонда (контейнерде) тасымалдау үшін төлемді белгілеу	25
14. Өртүрлі атаулардағы жүктерді тасымалдау төлемін белгілеу	25-26
15. Жүктерді тікелей аралас қатынаста вагондық жөнелтілімдермен тасымалдау үшін төлемді белгілеу	26
16. Жүктерді тікелей халықаралық теміржолдық қатынаста тасымалдау үшін төлемді белгілеу	26
17. Жүктерді жолтабанның бір енінің вагондарынан жолтабанның басқа енінің вагондарына қайта тиеген кезде вагондық жөнелтілімдермен тасымалдау үшін төлем тәртібін белгілеу	26-27
18. Жүктердің тағайындалған станциясы өзгерген (қайта бағыттау) кезіндегі төлемді белгілеу	27-28
19. Ерекше ережелердің негізінде тасымалданатын жарылғыш, улы, радиоактивті және басқа да заттарды (тобы мен разрядын көрсету арқылы) тасымалдау үшін төлемді белгілеу	28-30
20. Жүктерді үлкен жылдамдықпен (немесе жолаушы поездарымен) тасымалдау үшін төлемді белгілеу	30
21. Жүк жөнелтушінің (жүк алушының) жолсеріктерінің жүк вагонында жүруі үшін төлемді белгілеу	30
22. Локомотивтердің, меншікті (жалға алынған) вагондардың жол жүрісі және жүктерді тасымалдау төлемді белгілеу	30-32
23. Резервтелген	32
24. КЗХ жүйесіне кірмейтін, КЗХ-да құрылыс жүргізетін арнайы жылжымалы құрылымдардың жүрген жолы үшін төлемді белгілеу	32-33
25. «ҚТЖ «ҰК» АҚ арнайы және техникалық қажеттіліктері үшін пайдаланылатын вагондарды, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-«Магистральдық желі дирекциясы» балансындағы вагондарды, мүкәммалдық (жалпы) парк контейнерлерін және оларды дезинфекциялау, дезинсекциялау және/немесе жуу үшін вагондардың бос жүрісі үшін тасымалдау төлемін белгілеу	33-35
26. Жүк көтергіштігінен және рұқсат етілетін асқынжүктен жоғары жүктің артығы анықталған кезде төлемді белгілеу	35
27. Күл салынған сауыттарды және мәйіті бар табыттарды тасымалдау үшін төлемді белгілеу	35-36
28. Өз осьтеріндегі жүк ретінде тасымалданатын жылжымалы құрамды тасымалдау үшін төлемді белгілеу	36
29. Транзиттік жүкті тасымалдау кезінде төлемді белгілеу	37-42
2-бөлім	42-58
Жүктердің бірыңғай тарифтік-статистикалық номенклатурасы (ЖБТСН).	
Ең аз салмақ нормалары	
3-бөлім	
Жүк тасымалдау үшін төлемді есептеген кезде қолданылатын тарифтік схемалардың жіктегіші	58-65

## Жалпы нұсқаулар

1. Осы Тарифтік басшылық (прейскурант) жүктерді темір жол көлігімен тасымалдаған кезде локомотивтік тартымды пайдаланғаны, мүкәмалдық (жалпы) парк вагондары және мүкәмалдық (жалпы) парктің контейнерлерін пайдаланғаны, жүк және коммерциялық жұмыс қызметтері үшін төлемді белгілейді және Қазақстан Республикасының тұрақты пайдалануға қабылданған магистральдық темір жол желісінің (бұдан әрі - КЗХ) кең және тар жолтабанының барлық желілерінде қолданылады, жүктерді темір жол көлігімен тасымалдау жөніндегі қызметтерді пайдаланушылардың барлығы үшін біртұтас болып табылады.

2. Салынып жатқан желілер және уақытша пайдалану үшін ашық желілер бойынша жүктерді тасымалдағаны үшін тарифтер олардың иеленушілерімен бекітіледі.

3. Жүктерді темір жол көлігімен тасымалдау үшін төлем тасымалдау қашықтығына байланысты белгіленеді:

1) республикаішілік қатынаста - тасымалдаудың қашықтығына қарай жөнелту темір жол станциясынан (бұдан әрі - станция) тағайындалған станциясына дейін;

2) халықаралық экспорттық қатынаста:

тасымалдаудың қашықтығына қарай, мемлекеттік шекараны ескеріп, КЗХ-ның жөнелту станциясынан түйіспелік (шекаралық) шығу станциясына дейін;

тасымалдаудың қашықтығына қарай, КЗХ-ның жөнелту станциясынан көліктің басқа түріне (су, құбыржолдық және автомобильдік) жүкті ауыстырып тиеу станциясына (пунктіне) дейін;

3) халықаралық импорттық қатынаста:

тасымалдаудың қашықтығына қарай, мемлекеттік шекараны ескеріп, КЗХ-ның түйіспелік (шекаралық) кіру станциясынан тағайындалған станциясына дейін;

тасымалдаудың қашықтығына қарай, порт маңындағы станциядан (су көлігінің түрі кезінде) тағайындалған станциясына дейін;

тасымалдаудың қашықтығына қарай жүк көліктің басқа түрінен (су, құбыржолдық және автомобильдік) ауыстырып тиелетін КЗХ станциясынан тағайындалған станцияға дейін.

4. Төлемдер есептеледі:

1) республикаішілік қатынаста - жөнелту станциясының күнтізбелік мөрқалыбын тасымалдау құжаттарына қойған күндегі қолданыстағы тарифтер бойынша;

2) халықаралық қатынаста жүктердің экспорттық тасымалдарына (шығару) - жөнелту станциясының күнтізбелік мөрқалыбын тасымалдау құжаттарына қойған күндегі қолданыстағы тарифтер бойынша;

3) халықаралық қатынаста жүктердің импорттық тасымалдарына (кіргізу) - күнтізбелік мөрқалыпты тасымалдау құжаттарына қойған күндегі қолданыстағы тарифтер бойынша:

жөнелту станциясының - тасымалдаудың барлық жол жүру жолына арналған тікелей халықаралық қатынас жүкқұжатын ресімдеген кезде;

жүкқұжатын қайта ресімдеу станциялары - темір жол жүкқұжатын бір көліктік құқықтан басқасына қайта ресімдеу кезінде;

жүкті ауыстырып тиеу станциясының - жүкті ауыстырып тиеу станциясында темір жол жүкқұжатын су, құбыржолдық немесе автомобильдік көліктен темір жол көлігіне ресімдеген кезде есептеледі.

5. Осы Тарифтік басшылықтағы (прейскуранттағы) тарифтер негізгі болып табылады және қосымша құн салығы есепке алынбай белгіленген.

Локомотивтік тартым қызметтері үшін, жүк вагондары мен контейнерлерді пайдаланғаны үшін, жүк және коммерциялық жұмыс қызметтері үшін, локомотивтік тартым қызметтері үшін есептік кестелердің базалық ставкаларына тарифтерді есептеу кезінде (Тарифтік басшылық 1-кітап 2-бөлім), жүк вагондары мен контейнерлерді пайдаланғаны үшін (Тарифтік басшылық 3-кітап 2-бөлім), жүк және коммерциялық жұмыс қызметтері үшін (Тарифтік басшылық 2-кітап 2-бөлім), табиғи монополиялар саласындағы қызметті бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісілген (бұдан әрі - уәкілетті орган) және «ҚТЖ - Жүк тасымалы» АҚ (бұдан әрі – «ҚТЖ - ЖТ» АҚ) бұйрығымен бекітілген индекстеу коэффициенттері қолданылады.

Жүктерді және бос вагондарды тасымалдау кезінде локомотивтік тартым қызметтеріне тарифтер тартым түріне: электровоздық тартым, тепловоздық тартым түрлеріне сараланады.

6. Мүкәммалдық (жалпы) парк вагондарында жүктерді тасымалдағаны үшін төлем төрт құрамдастың: магистральдық темір жол желісінің көрсететін қызметтеріне арналған тарифтердің (уәкілетті орган белгілеген), локомотив тартымын пайдаланғаны үшін, жүк вагондарын пайдаланғаны үшін және жүк және коммерциялық жұмыстың көрсеткен қызметтеріне арналған тарифтердің сомасы ретінде есептеледі. Мүкәммалдық (жалпы) парк вагондарында мүкәммалдық (жалпы) парктің әмбебап контейнерлеріндегі жүктерді тасымалдағаны үшін төлем бес құрамдастың: магистральдық темір жол желісінің көрсететін қызметтеріне арналған тарифтердің («ҚТЖ» ҰК» АҚ белгілеген), локомотив тартымын пайдаланғаны үшін, жүк вагондарын пайдаланғаны үшін, контейнерлерді пайдаланғаны үшін және жүк және коммерциялық жұмыстың көрсеткен қызметтеріне арналған тарифтердің сомасы ретінде есептеледі.

Меншікті (жалға алынған) парк вагондарында мүкәммалдық (жалпы) парктің әмбебап контейнерлеріндегі жүктерді тасымалдағаны үшін төлем төрт құрамдастың: магистральдық темір жол желісінің көрсететін қызметтеріне арналған тарифтердің («ҚТЖ» ҰК» АҚ белгілеген), локомотив тартымын пайдаланғаны үшін, контейнерлерді пайдаланғаны үшін және жүк және коммерциялық жұмыстың көрсеткен қызметтеріне арналған тарифтердің сомасы ретінде есептеледі.

7. Меншікті (жалға алынған) вагондарда жүктерді тасымалдағаны үшін төлем үш құрамдастың: магистральдық темір жол желісінің көрсететін қызметтеріне арналған тарифтердің (уәкілетті орган белгілеген), локомотив тартымын пайдаланғаны үшін және жүк және коммерциялық жұмыстың көрсеткен қызметтеріне арналған тарифтердің сомасы ретінде есептеледі.

Мүкәммалдық (жалпы) парк вагондарында әмбебап меншікті (жалға алынған) контейнерлеріндегі жүктерді тасымалдағаны үшін төлем төрт құрамдастың: магистральдық темір жол желісінің көрсететін қызметтеріне арналған тарифтердің («ҚТЖ» ҰК» АҚ белгілеген), локомотив тартымын пайдаланғаны үшін, жүк вагондарын пайдаланғаны үшін ставкалардың және жүк және коммерциялық жұмыстың көрсеткен қызметтеріне арналған тарифтердің сомасы ретінде есептеледі.

Меншікті (жалға алынған) парк вагондарында әмбебап меншікті (жалға алынған) контейнерлеріндегі жүктерді тасымалдағаны үшін төлем үш құрамдастың: магистральдық темір жол желісінің көрсететін қызметтеріне арналған тарифтердің («ҚТЖ» ҰК» АҚ белгілеген), локомотив тартымын пайдаланғаны үшін және жүк және коммерциялық жұмыстың көрсеткен қызметтеріне арналған тарифтердің сомасы ретінде есептеледі.

7-1. КЗХ темір жолының локомотивінен, сондай-ақ темір жол көлігінің қызметін үйлестіретін келісімдер бойынша жұмыстарды орындайтын басқа темір жолдардың локомотивтерін қоспағанда, локомотивті пайдалана отырып, жүктерді меншікті (жалға алынған) вагондармен тасымалдау үшін төлемді өзара халықаралық ТМД елдерінің темір жолдарының ынтымақтастығы екі құрамдас: магистральдық темір жол желісінің қызметтері үшін тарифтер (уәкілетті орган белгілеген), мен жүк және коммерциялық жұмыс қызметтері арналған тарифтер сомасы ретінде есептеледі.

## **1-бөлім**

### **Тарифтерді қолдану ережелері**

#### **1. Жүктерді тасымалдау үшін төлемді белгілеу тәртібі**

8. Резервтелген.

9. Резервтелген.

9-1. Толық тасымалдау құжатын ресімдеу арқылы бір темір жол станциясының шектерінде бір кірме жолдан (жүк жөнелтушінің) басқа кірме жолға (жүк алушының) жүктерді тасымалдағаны үшін төлем жалпы негіздерде белгіленеді.

#### **2. Тарифтік қашықтықтар**

10. Қазақстан Республикасының темір жол көлігімен жүктерді тасымалдау үшін төлем:

1) егер жүктер жүктік немесе үлкен жылдамдықпен тасымалданса, ең қысқа бағыт бойынша қашықтыққа сүйене отырып;

2) жолаушы поездарына тіркелген транспортерлерде және жүк вагондарында габаритсіз және ауыр салмақты жүктерді тасымалдаған кезде нақты жүріп өткен қашықтыққа сүйене отырып алынады.

11. Тасымалдау үшін төлем алынатын ең аз қашықтық ретінде 5 км алынады.

12. Тасымалдың тарифтік қашықтығы № 4 Тарифтік басшылық бойынша белгіленеді және тасымалдаушының өкілімен жөнелту станциясында тасымалдау құжаттарында көрсетіледі.

13. Жүктерді тікелей аралас қатынаста тасымалдаған кезде ауыстырып тиеу орнынан және ауыстырып тиеу орнына дейін жүк өтетін порт маңайындағы мен кеметұрақтық тармақтардың ұзындығын қоса алғанда, темір жолдың жеке бөлімдерінің жалпы ұзындығы есепке алынады.

14. Тасымалдау үшін төлем алынатын тасымалдың жалпы қашықтығына бойында тиісті жүк операцияларын жүргізу үшін ашылған станциялары жоқ жолдардың (тармақтардың) ұзындығы, сондай-ақ порт маңайындағы және кеметұрақтық тармақтардың ұзындығы осы тармақтарға баратын және осы тармақтардан жөнелтілетін жүктерді тиеуге немесе түсіруге вагондарды берген және алған кезде енгізілмейді.

#### **3. Жүктің атауы**

15. Жүк жөнелтуші тасымалдау құжаттарында жүкті жүктердің Бірыңғай тарифтік-статистикалық номенклатурасы (бұдан әрі – ЖБТСН) жүктерінің әліпбилік тізбесіне сәйкес атауға тиіс. Бұл ретте оның айырмашылық нышандарын (қатты немесе сұйық жағдайда, жаңа немесе кептірілген және басқа түрде), егер бұл нышандар тарифтің деңгейіне ықпал ететін болса, көрсету қажет. Егер жүктің атаулары тізімде жоқ болса, онда ол қолданыстағы мемлекеттік стандарттардың, преysкуранттардың немесе жүкті тасымалдаудың шарттары бойынша барынша сәйкес келетін ЖБТСН-нің әліпбилік тізіміндегі атауды ескеріп, өнімді жасауға арналған техникалық жағдайлардың негізінде анықталған болуы тиіс.

16. ЖБТСН-нің әліпбилік тізімінде аталмаған жүктерді тасымалдау үшін төлем: егер оларды қандай да бір топ пен позицияға жатқызу мүмкін болса - осы позиция үшін белгіленген тариф бойынша;

егер олар қандай да бір топқа сәйкес келетін болса, бірақ осы топтың белгілі бір позициясына жатқызу мүмкін болмаса - осы топ тарифтерінің ең жоғарғысы бойынша белгіленеді.

17. Қауіпті жүктердің санаты 05.04.1996 ж. Достастыққа қатысушы мемлекеттердің теміржол көлігі жөніндегі кеңесінің 15 отырысында бекітілген Қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларына сәйкес тасымалдау құжаттарында көрсетіледі.

18. Жүк атауы толық емес немесе анық емес болған жағдайда жөнелту станциясындағы тасымалдаушының өкілі жүк жөнелтушіге оның атауын нақтылауды ұсынуға тиісті.

19. Резервтелген.

#### **4. Жүктің массасын және төлемдердің сомаларын дөңгелектеу**

20. Жүкті тасымалдау төлемін анықтау үшін осы Тарифтік басшылықтың (Прейскуранттың) 21-23-тармақтарында баяндалған ережелерге сәйкес жүк массасының дөңгелектенген шамасы алынады. Осындай тәртіп тарифтік ережелерде жүктің нақты массасы үшін төлемді есептеу көзделген жағдайларда қолданылады.

21. Жүктің массасы (үй заттарынан басқа) өсу жағына қарай:

егер жөнелтпенің массасы 10 т-дан аспаса - 100 кг-ға дейін, толық емес 100 кг толыққа санап;

егер жөнелтпенің массасы 10 т-дан асса - толық тоннаға дейін, толық емес тонна толыққа санап дөңгелектенеді.

22. Шағын жөнелтпелермен тасымалдауға ұсынылатын жеке (тұрмыстық) мұқтаждарға арналған жүктердің 50 кг-дан кем болмауы тиіс.

Егер тасымалдауға тапсырылған жеке (тұрмыстық) қажеттіліктер үшін жүктің салмағы 50 кг-нан асатын болса, әрбір толық емес 50 кг толық 50 кг-ға дейін ұлғайту жағына қарай дөңгелектенеді.

23. Жүкті тасымалдаған кезде пайдаланылатын жүк қаптамасының (ыдысының), табандықтардың, қарапайым құралдардың салмағы жүктің жалпы массасына енгізіледі.

Массасының ең төменгі нормасына (немесе нақты салмағына, егер ол ең төменгі нормадан асса) жүкті тиеу мен бекіту үшін вагонға орнатылған алынбалы (қалқандар, тіреушіктер, жүкті бекітудің реквизиттері, жылуұстағыш материалдар және т.б.) және алынбайтын қосымша жабдықтардың (айналмалы есіктер, құндақтар, призмалар, пирамидалар және т.б.) массасы қосылады. Тасымалдаған кезде қосымша жабдықтардың массасын қоса, жүк массасының жалпы шамасына төлем алынады.

24. Жүктерді тасымалдау үшін төлем белгілеген кезде дөңгелектеу толық теңгеге дейін жүзеге асырылады, 0,5 теңгеден кемі алынып тасталынады, ал 0,5 теңге және одан артығы толық теңгеге дейін өсіріледі.

Топтық және маршруттық жөнелтпелер үшін төлемді дөңгелектеу жөнелтпенің әрбір вагоны үшін жүзеге асырылады.

Дөңгелектеудің мұндай тәртібі тасымалға пайыздық көтеру, төмендету және басқалар арқылы жалпы тариф бойынша есептелетін төлемді әрбір есептеу кезінде қолданылады.

## **5.Резервтелген**

## **6.Жүктерді әмбебап вагондарда тасымалдау үшін төлемді белгілеу**

25. Резервтелген.

26.Резервтелген.

27. Жүктерді әмбебап вагондарда (жабық, соның ішінде жылуұстағыш шанағы бар, платформаларда, үсті ашық вагондарда) вагондық жөнелтпелермен тасымалдағаны үшін төлем былай анықталады:

№ 1 тарифтік схема бойынша - мүкәммал (жалпы) парктің вагондарымен жүктерді тасымалдағаны үшін;

№ 2 тарифтік схема бойынша - жүктерді меншікті (жалға алынған) вагондарда тасымалдағаны үшін.

Жүктерді тасымалдау үшін төлем № 1 және 2 тарифтік сұлбалар бойынша, ең аз салмақ нормасы кестесінің 3-бағанында тиісті жүк үшін белгіленген ең төменгі салмақтық нормадан (ЕАСН) кем емес әмбебап вагондағы жүк массасының шамасына белгіленеді.

Әмбебап вагонға 80 т-дан артық тиеген кезде, төлем «80 т» жолы бойынша 80-дан артық әрбір қосымша тиелген тонна үшін «Салмағы 80 т-дан артқанда 1 т-ға» жолы бойынша төлемді қосу арқылы белгіленеді.

28. Жүктерді тоңазытқыштық вагондардан қайта жабдықталған жабық вагондарда тасымалдау үшін төлем № 1 немесе 2 тарифтік сұлбалар бойынша кәдімгі жабық вагонда тасымалдау ретінде белгіленеді.

29. Жеке (тұрмыстық) мұқтаждар үшін жүктерді тасымалдағаны үшін (жүктер деп жеке азаматтарға тиесілі және пәтер жабдықтарының, үй-іші тұрмысында ұсталатын және жеке пайдаланымдағы заттар, жаңалары, сондай-ақ қолданыста болғандары, соның ішінде бесік-арбалар, әр түрлі протездер, велосипедтер, мотоциклдар, мотороллерлер, тоңазытқыштар, кір жуу машиналары, пианино, рояльдар, жиһаздар мен кітап саналады) вагондық жөнелтпелермен тасымалдағаны үшін төлем № 1 немесе 2 тарифтік схема бойынша вагондағы жүк массасының шамасы үшін, бірақ 10 т-дан кем емес етіп белгіленеді.

Жеке (тұрмыстық) мұқтаждар үшін жүктерді тасымалдау кезінде жүк жөнелтушілер немесе жүк алушылар тек жеке тұлғалар ғана бола алады.

Әмбебап вагонда азаматтардың жеке (тұрмыстық) мұқтаждары үшін жүктерді және азаматтарға тиесілі және жеке (тұрмыстық) мұқтаждары үшін жүктерге жатпайтын басқа да жүктерді бір тасымалдау құжаты бойынша тасымалдау кезінде (автокөліктерді, шағын тракторларды, құрылыс материалдарын, ауыл шаруашылық және азық-түліктік жүктерді және басқаларды) төленетін ақы, егер жүктің нақты жиынтық салмағы жеке (тұрмыстық) қажеттіліктер үшін жүктің салмағынан асып кетсе, жүктерді тасымалдау үшін ақы ретінде есептеледі. Басқа жүктердің салмағы жеке (тұрмыстық) мұқтаждарға арналған жүктердің салмағынан аз болған кезде төлем жеке (тұрмыстық) мұқтаждарға арналған жүктер үшін, жеке (тұрмыстық) мұқтаждарға арналған жүктер мен жүктердің жиынтық салмағы үшін, бірақ 10 т-дан кем емес етіп, 2 есеге ұлғайту арқылы есептеледі.

Жолсерікпен жеке вагонда үй заттарымен бірге 2 бастан аспайтын ірі қара малды, сондай-ақ ұсақ малды, бал аралары мен құстарды тасымалдаған кезде төлемді есептеу үй заттарына арналған вагондық тариф бойынша жүргізіледі. Бұл жағдайларда малды, бал аралар мен құстарды тасымалдау үшін төлем алынбайды.

30. Ауыр жүк контейнерлерін тасымалдауға арналған 4 осьті платформада, раманың ұзындығы 13,4 м-ден кем ауыр жүк контейнерлерін тасымалдауға арналған 4 осьті платформада, раманың ұзындығы 13,4 м ауыр жүк контейнерлерін тасымалдауға арналған 4 осьті платформада, раманың ұзындығы 18,4 м ауыр жүк контейнерлерін тасымалдауға арналған 4 осьті платформада, ауыр жүк контейнерлерін тасымалдауға арналған 4 осьті платформада жүктерді тасымалдауға арналған контейнерлер, доңғалақты техника және контейнер - цистерна, ірі тоннажды контейнерлерді тасымалдауға арналған 4 осьті платформа, раманың ұзындығы 13,4 м ірі тоннажды контейнерлерді тасымалдауға арналған 4 осьті платформа, ірі тоннажды контейнерлерді және доңғалақты техниканы тасымалдауға арналған 4 осьті платформа (фитингтік платформалар) төлем жүктерді 1,2 коэффициентін қолдану арқылы № 1 немесе 2 тарифтік сұлбалар бойынша әмбебап платформада тасымалдау ретінде белгіленеді.

31. Жүктерді жүк поезының құрамындағы жолаушы вагондарында жолсеріктің ілесіп жүруімен тасымалу үшін төлем вагонның тиесілігіне байланысты, вагондағы жүктің массасына, бірақ ең аз салмақ нормасынан кем емес масса бойынша, № 1 немесе 2 тарифтік сұлбалар арқылы анықталады.

## **7. Жүктерді мамандандырылған вагондарда тасымалдау үшін төлемді белгілеу**

32. Жүкті тиеуге мамандандырылған вагонды берген кезде, сол үшін осы вагон мамандандырылған, төлем № 1 кестеде көрсетілген № 3-8 тарифтік сұлбалар бойынша анықталады.

№ 1 кесте

Мамандандырылған вагондардың үлгілері	Вагондар	
	мүкәмм ал (жалпы) паркінің	меншікті (жалға алынған)
	тарифтік сұлбаның №	
1	2	3
1. Цементке арналған хоппер (хоппер-цемент тасығыш), малға арналған вагон (мал тасығыш), автомобильдерге арналған екі қабатты платформа	3	7
2. Астыққа (астық тасығыш), шекемтастарға және агломераттарға (шекемтас тасығыш) арналған вагондар	4	8
3. Цементке арналған цистерналар (цемент тасығыш-цистерна), кальцийленген содаға (сода тасығыш), минеральдық тыңайтқыштарға және олардың шикізаттарына (минерал тасығыш), технологиялық жаңқа тасығыштарға (жаңқа тасығыш), жеңіл автомобильдерге (автомобиль тасығыш), орамдық болаттарға (орам тасығыш) арналған вагондар, хоппер-дозаторлар, думпкарлар, сусымалы жүктерді тасымалдауға арналған 4 осьті өздігінен түсіретін жартылай вагондар (самосвал вагондары), автомобильдерді тасымалдауға арналған 4 осьті жабық толық металл вагондар, автомобильдерді тасымалдауға арналған 4 осьті екі деңгейлі мамандандырылған жабық вагон, жеңіл автомобильдерді тасымалдауға арналған 4 осьті екі деңгейлі жабық вагон, автомобильдерді тасымалдауға арналған 4 осьті бір деңгейлі жабық вагон, мұнайбитумға арналған шанақтық үсті ашық вагондар (битумтасығыш)	5	8
4. Ұнға (ұн тасығыш), ағаш материалдарға (ағаш тасығыш) арналған вагондар	6	8
5. Мамандандырылған вагондардың қалған түрлері	5	8

33. Тасымалдаған кезде вагондағы жүк массасы үшін № 3-8 тарифтік сұлбалар бойынша белгіленетін, бірақ мамандандырылған вагондар үшін белгіленген 70 тоннаға тең ең аз салмақ нормасынан кем емес төлем алынады.

34. Меншікті (жалға алынған) мамандандырылған вагонды кез келген жүкті тиеуге берген кезде төлем № 7-8 тарифтік сұлбалар бойынша осы мамандандырылған вагон үшін белгіленеді.

35. Шартпен (жоспармен) немесе қосымша рұқсатпен көзделген әмбебаптың орнына мамандандырылған вагонды берген кезде, төлем вагондағы жүктің

массасына № 1 немесе 2 тарифтік сұлбалар бойынша тиісті жүк үшін белгіленген, бірақ ең аз салмақ нормасынан кем емес.

## **8. Жүктерді тоңазытқыш вагондарда, термос-вагондарда және мұздатқыш-вагондарда тасымалдау үшін төлемді белгілеу**

36. Тез бұзылатын жүктерді жалпы парктің тоңазытқыштарында (топтық тоңазытқыш жылжымалы құрамда - ТТЖҚ, дербес тоңазытқыш вагонда - ДТВ), тасымалдаған кезде төлем мына тарифтік сұлбалар бойынша белгіленеді:

№ 9 - ет және ет өнімдері (561-564-поз.), балық және балық өнімдері (572-574-поз.), сүт, сүт өнімдері және жұмыртқалар (551-555-поз.);

№ 10 - шырындар (584-поз.), түрлі консервілер, шараптар, сыралар (581, 591-592-поз.) және басқа жүктерді;

№ 11 - жаңа піскен көкөністер, бақша дақылдары, картоп (041-043-поз.), жаңа піскен жемістер мен жидектер (051-053-поз.);

№ 12 - термос-вагондардағы барлық жүктер.

Сүт және сүт өнімдерін тасымалдаған кезде (551 және 552-поз.) аталған сұлба олардың қандай поезда тасымалданғанына қарамай қолданылады.

37. Тез бұзылатын жүктерді меншікті (жалға алынған) тоңазытқыштарда (топтық тоңазытқыш жылжымалы құрамда - ТТЖҚ, дербес тоңазытқыш вагонда - ДТВ), термос-вагондарда және мұздатқыш-вагондарда тасымалдаған кезде төлем № 9-12 тарифтік сұлбалар бойынша 20%-дық шегеріммен белгіленеді.

Жүк тиелген және бос рейстегі меншікті (жалға алынған) дизель электростанция вагонының жүрген жолының ақысы № 16 тарифтік сұлба бойынша есептеледі.

38. Егер жоғарыда аталған тез бұзылатын жүктер тасымалданғанда төлемді есептеу төмендегіше:

жабық вагондарда - әмбебап (кәдімгі) вагонның ережелері бойынша;

мұздатқыш вагондарда суытусыз - № 12 сұлба бойынша 50%-дық шегеріммен;

мұздатқыш вагондарда суыту арқылы - № 11 сұлба бойынша 25%-дық шегеріммен жүргізіледі.

39. Тез бұзылатын жүктерді тасымалдаған кезде төлем жүккөтергіштігі 40 т-ға дейінгі тоңазытқыштарда және жүккөтергіштігі 60 т-ға дейінгі термос-вагондарда жүктің массасына алынады. Тоңазытқыш вагондарға 40 т-дан артық және термос-вагондарға 60 т-дан артық жүк тиеген кезде, төлем тиісті сұлба бойынша «Вагон үшін» жолы бойынша тиісінше «40 т-дан артық болғанда, 1 т үшін» немесе «60 т-дан артық болғанда, 1 т үшін» әрбір қосымша тиелген тонна үшін: 40 т-дан артық - тоңазытқыштар үшін және 60 т-дан артық - термос-вагондар үшін жолы бойынша төлемді қосу арқылы белгіленеді.

40. Жүктерді жекелеген тірібалықтық вагондарда жүк поездарымен тасымалдау үшін төлем № 8 тарифтік сұлба бойынша, жолаушы поездарымен - № 8 тарифтік сұлба бойынша 2 есе ұлғайту арқылы алынады. Жүктерді жүк

поездарымен тірі балыққа арналған екі вагонды тоңазытқыш секцияларда тасымалдағаны үшін төлем № 8 тарифтік схема бойынша 2 есе ұлғайту арқылы, ал жолаушы поездарымен - № 8 тарифтік схема бойынша 4 есе ұлғайту арқылы алынады.

41. Тірібалықтық жекелеген бос вагондарды және тірі балыққа арналған екі вагонды тоңазытқыш секцияларды жүк поездарымен тасымалдау үшін төлем № 16 тарифтік сұлба бойынша алынады.

Бос дербес тірі балықтық вагондарды және тірі балыққа арналған екі вагонды тоңазытқыш секцияларды жолаушы поездарымен тасымалдау үшін төлем № 16 тарифтік сұлба бойынша 2 есе ұлғайту арқылы алынады.

Массасы кез келген тірібалықтық вагондарда тірі балықты тасымалдаған кезде суды қанықтыру үшін оттегі бар баллондарды тасымалдау, сондай-ақ осы баллондарды жалпы массасы 100 кг-нан аспаған бос күйде оларды балық тиеуге сол вагондарда апара жатқанда тасымалдаған кезде жеке төлем жасалмайды. Оларды тасымалдау құны жалпы төлемге кіреді.

42. Әрқилы атаулы тез бұзылатын жүктерді (құрама жөнелтпе) бір тасымалдау құжаты бойынша вагондап жөнелткен кезде төлем осы тез бұзылатын жүктер үшін белгіленген ең жоғары тариф бойынша есептеледі.

43. Сүт, сүт өнімдерінен (551-552-поз.) және сүт пен сүт өнімдерінің қайтарылатын ыдыстарынан басқа, жүктерді шағын жөнелтпелермен құрама және бағыттық изотермиялық вагондарда тасымалдау үшін төлем жиналмалы вагондардың тарифі бойынша (№ 105 сұлба) 2 есе ұлғайту арқылы алынады.

Ескертпелер:

1. Құрама және бағыттық изотермиялық вагондарда жүктер жолаушы поездарымен бағыттаған кезде, сүт пен сүт өнімдерінен (551-552-поз.) және сүт пен сүт өнімдерінің қайтарма ыдыстарынан басқа, тасымалдау үшін төлем жөнелтпенің массасына сүйеніп, жүктерді жолаушы поездарымен (жүк багажы) тасымалдауға арналған тариф бойынша белгіленеді.

2. Сүт пен сүт өнімдерін (551-552-поз.) және сүт пен сүт өнімдерінің қайтарма ыдыстарын шағын жөнелтпелермен тасымалдау үшін төлем вагонның түріне, поездың санатына (жүк, жолаушы және басқалары) және тасымал ресімделген тасымалдау құжатының нысанына қарамай жүктің массасына сүйеніп, жиналмалы вагонның тарифі бойынша (№ 105 сұлба) ұлғайтылмай алынады.

44. Егер жүк тасымалдау ережесіне (бұдан әрі - Ереже) сәйкес әмбебап жабық вагонда тасымалдауға қабылданған тез бұзылатын жүкті жүріс жолында бұзылудан сақтау үшін изотермиялық вагонға қайта тиеу талап етілген жағдайда (ол туралы акт жасалуы тиіс) тасымалдау үшін төлемді жөнелту станциясынан қайта тиеу станциясына дейінгі қашықтыққа сүйеніп кәдімгі жабық вагонда тасымалдауға белгіленген тарифтерге сәйкес, қайта тиеу станциясынан тағайындалған станциясына дейінгі қашықтыққа сүйеніп тез бұзылатын жүктерді изотермиялық вагондарда тасымалдауға белгіленген тарифтер бойынша тағайындалған станциясында тасымалдаушының өкілімен қайта есептеледі.

45. Егер кәдімгі жабық вагонда тасымалдауға жол берілген жүктерді изотермиялық вагонда тасымалдаған кезде, изотермиялық вагон шартпен (жоспармен) немесе қосымша рұқсатпен көзделген жабық вагонның орнына берілген, төлем жүктерді кәдімгі жабық вагонда тасымалдау ережелері бойынша вагондағы жүктің массасы үшін алынады. Бұл жағдайда тасымалдаушының өкілі жөнелту станциясында тасымалдау құжаттарында жабық вагонның орнына изотермиялық вагонды бергені туралы «ИЗЖО» белгісін қоюы тиіс. Егер изотермиялық вагон жүк жөнелтушінің талабы немесе жүкті бұзылудан сақтау мақсатында станциядағы тасымалдаушы өкілінің нұсқауы бойынша берілсе, белгі қойылмайды және төлемді есептеу жалпы негізде жүргізіледі.

46. Егер термос-вагонда (мұздатқыш-вагонда) тасымалдауға жол берілген тез бұзылатын жүктерді тоңазытқыштық секцияда тасымалдаған кезде тоңазытқыштық жылжымалы құрам шартпен (жоспармен) немесе қосымша рұқсатпен көзделген термос-вагонның (мұздатқыш-вагонның) орнына берілсе, төлем вагондағы жүктің массасы үшін жүктерді термос-вагонда (мұздық-вагонда) тасымалдаудың ережелері бойынша алынады. Бұл жағдайда жөнелту станциясындағы тасымалдаушының өкілі тоңазытқыштық жылжымалы құрамды термос-вагонның (мұздатқыш-вагонның) орнына бергені туралы тасымалдау құжаттарында «ИЗТО» белгісін қоюы тиіс. Егер тоңазытқыштық жылжымалы құрам жүк жөнелтушінің талабы бойынша немесе жүкті бұзылудан сақтау мақсатында станциядағы тасымалдаушы өкілінің нұсқауы бойынша берілсе, белгі қойылмайды және төлемді есептеу жалпы негізде жүргізіледі.

47. Егер жүктерді тасымалдау толық тиелмеген тоңазытқыштық секцияда жүзеге асырылса, онда бос вагондардың жүрген жолына төлем № 16 тарифтік сұлба бойынша белгіленеді.

48. Резервтелген.

49. Бір жүк жөнелтуші тоңазытқыштық поезда немесе секцияда жөнелту станциясынан бірнеше станцияға тез бұзылатын жүктерді тасымалдаған кезде жүкті тасымалдау үшін төлемнен басқа, сондай-ақ вагондардың бос жүрген жолына төлем алынады, олар жүктен босатылу станциясынан поездың немесе секцияның соңғы топтары вагондарының тағайындалған станциясына дейін жүрген жолында жүктен босатылады. Төлем сомасы тасымалдау құжаттарының «Төлемдерді есептеу» бөлімінің бос бағанына жазылады.

50. Тез бұзылатын жүктерді жылытылатын жабық вагондарда және мұздық-вагондарда (жүк жөнелтушінің немесе жүк алушының жолсерігімен) тасымалдаған кезде төлемді есептеу жүктерді жабық вагонда немесе мұздық-вагонда суытусыз тасымалдауға арналған тариф бойынша жүзеге асырылады.

Тасымалдаушының станциядағы қоймасынан берілген отынның құнын жүк жөнелтуші, ал жүріс жолында - жүктің жолсерігі әртүрлі алымдар квитанциясы бойынша төлейді. Жабық вагонда пешті беру және орнатқаны үшін төлем шарттық негізде алынады.

## 9. Жүктерді цистерналарға құйып тасымалдау үшін төлемді белгілеу

51. Жүктерді цистерналарға құйып тасымалдау үшін төлем № 2 кестеде көрсетілген тарифтік схемалар бойынша белгіленеді.

№ 2 кесте

Жүктің атауы	Цистерналарда	
	мүкәммал (жалпы) паркінің	меншікті (жалға алынған)
	тарифтік сұлбаның №	
1. Мұнай және мұнай өнімдері (201, 211-215, 221-225, 226021, 226069, 226106-поз.)	19	20
2. Сұйытылған газдар (488, 226-поз., 226021, 226069, 226106-дан басқа) және көмірсутектер (711-713-поз.)	21	22
3. Спирттер және фенолдар (594, 721, 722-поз.) (қауіпті жүктерден басқа*)	23	24
4. Цистерналарға құйып тасылатын тез бұзылатын жүктер (551-554, 563, 574, 584, 591, 592, 595-поз.)	25	26
5. Цистерналарда тасылатын басқа жүктер (қауіпті жүктерден басқа*)	27	20

\* Қауіпті жүктерді тасымалдау үшін тарифтерді есептеу тәртібі осы тарифтік басшылықтың (Прейскуранттың) 19-тарауында белгіленген.

52. Сұйытылған газдардан - 488, 226-поз. (226021, 226069, 226106-поз. қоспағанда) және көмірсутектерден - 711-713-поз. басқа жүктерді цистерналарға құйып вагондап тасымалдағаны үшін төлем цистерналардағы жүктің массасына, тиісті тарифтік сұлбалар бойынша 1 т-ға арналған төлемді көбейту жолымен белгіленеді.

53. Цистерналарда сұйытылған газдарды - 488, 226-поз. (226021, 226069, 226106-поз. қоспағанда) және көмірсутектерді - 711-713-поз. тасымалдаған кезде, төлем цистернадағы жүк массасының шамасына, бірақ 22 т-дан кем емес етіп алынады.

## 10. Жүктерді платформалардың тіркестерінде, тасымалдағыштарда және габаритсіз жүктерді тасымалдау үшін төлемді белгілеу

54. Габаритті жүктерді платформалардың немесе үсті ашық вагондардың тіркестерінде бір тасымалдау құжаты бойынша вагондап тасымалдаған кезде төлем әмбебап вагон үшін, жүктің нақты массасы үшін белгіленген, бірақ жүктемесінің ең аз салмақ нормасынан кем емес тариф бойынша әрбір бос емес платформаға немесе бос емес үсті ашық вагонға алынады.

Егер жүк құжатта әр вагон үшін жеке жүктің нақты массасы көрсетілмеген болса, әр вагон үшін төлем жөнелтудің жалпы массасынан, бірақ вагондар санына тең бөлінген тиеудің барынша аз салмақтық нормасынан кем болмайтындай болып есептеледі

55. Жүктерді бірнеше тасымалдау құжаттары бойынша тағайындалған бір станцияға платформалардың немесе үсті ашық вагондардың тіркестерінде тасымалдаған кезде төлем тіркестегі вагондардың санына сүйеніп, әрбір платформа немесе үсті ашық вагон бойынша, нақты массасы үшін, бірақ жүктемесінің ең аз салмақ нормасынан кем емес етіп, есептеледі. Төлемнің жалпы жиынтығы тіркестегі жүктің жалпы массасына бөлінеді, 1 т үшін алынған төлем әрбір жөнелтпе бойынша жүктің массасына көбейтіледі.

56. Жүкті қалқалау үшін тіркестің бос платформаларын немесе үсті ашық вагондарын пайдаланған кезде төлемді есептеу жүктің нақты массасы үшін, бірақ тасымалданатын жүк жүктемесінің ең аз салмақ нормасынан кем емес етіп, вагондық тариф бойынша қалқалаудың әрбір платформасын немесе үсті ашық вагонын жеке есепке алып жүргізіледі.

Бұл жағдайда тасымалдау құжатында: «№ платформа (үсті ашық вагон) қалқалау үшін алынды» белгісі қойылған болуы тиіс.

Қалқалау платформасына немесе үсті ашық вагонына басқа жүк тиеген кезде төлем осы платформада немесе үсті ашық вагонда тасымалдаған жүк үшін белгіленген вагондық тариф бойынша белгіленеді.

57. Барлық жүктерді (габаритті және габаритсіз) транспортерлерде және габаритсіз жүктерді платформаларда және жалпы парктің үсті ашық вагондарында тасымалдау үшін төлем жүктің түрі мен массасына қарамастан № 3 кестеде көрсетілген № 30-88 тарифтік сұлбалар бойынша әрбір транспортер немесе вагон үшін белгіленеді.

Барлық жүктерді (габаритті және габаритсіз) меншікті (жалға алынған) транспортерлерде және габаритсіз жүктерді меншікті (жалға алынған) платформаларда, соның ішінде мамандандырылған және қайта жабдықталған және меншікті (жалға алынған) үсті ашық вагондарда тасымалдау үшін төлем № 30-88 тарифтік сұлбалар бойынша 20%-дық шегеріммен белгіленеді.

№ 3 кесте

Вагон немесе тасымалдағыш*	Габариттік жүктер	Габаритсіздіктің дәрежесі мен түрі				Габаритсіздігі аса
		1-2	3-4	5	6	

		төменгі, 1-3 бүйірлі к, 1-2 жоғарғы	төменгі , 4 бүйірлі к, 3 жоғарғы	төменгі, 5 бүйірлі к	төменгі, 6 бүйірлі к	жоғары жүктер
тарифтік сұлбаның №						

1. Габаритсіз жүктерді жүк поездарының құрамындағы 4 осьті платформаларда және үсті ашық вагондарда тасымалдау

4 осьті	-	30	31	32	33	34
---------	---	----	----	----	----	----

2. Барлық жүктерді жүк поездарының құрамында жүретін тасымалдағыштарда тасымалдау

4- және 6 осьті	35	36	37	38	39	40
8 осьті	41	42	43	44	45	46
12 осьті	47	48	49	50	51	52
16- және 20 осьті	53	54	55	56	57	58

3. Жүктерді жеке локомотивпен жүретін тасымалдағыштарда тасымалдау

16 осьті	59	60	61	62	63	64
жүккөтергіштігі 300 т біріктірілген 20 осьті	65	66	67	68	69	70
жүккөтергіштігі 400 т біріктірілген 28 осьті	71	72	73	74	75	76
жүккөтергіштігі 400 т біріктірілген 32 осьті	77	78	79	80	81	82
24- және 32 осьті	83	84	85	86	87	88

Ескертпе. Транспорттердің осьтілігін, жүккөтергіштігін және үлгісін 1520 мм жолтабанды жалпы парктің транспортерлерін нөмірлеу жүйесіне сәйкес транспортердің нөмірі бойынша анықтауға болады.

58. Бір мезгілде габаритсіздіктің бірнеше әртүрлі түрлері мен дәрежелері бар жүктер үшін төлем үлкен габаритсіздік дәрежесі үшін алынады. Бір мезгілде

3-жоғарғы (3-төменгі) және 3-бүйірлік габаритсіздік дәрежесі бар жүктерді тасымалдағын кезде төлем габаритсіздік 3-жоғарғы (3-төменгі) дәрежесіне сәйкес келетін сұлба бойынша алынады.

59. Габаритсіз жүктерді үсті ашық вагондарда және платформаларда, сондай-ақ жүктерді транспортерлерге, соның ішінде габаритті, тасымалдаған кезде жөнелту станциясындағы тасымалдаушының өкілі осы жүкті тиеу жөніндегі комиссия актісінің негізінде транспортерлерге: тасымалдау жағдайлары үшін «дәрежелі габаритсіз жүк», «Габаритсіздігі аса жоғары жүк», «Габариттік жүк» деген белгілерді тасымалдау құжаттарына қояды.

Жеке локомотивпен жүретін жүктерді тасымалдаған кезде жөнелту станциясындағы тасымалдаушының өкілі тасымалдау құжаттарына «Жеке локомотивпен» белгісін енгізеді.

60. Жүк поезының құрамында габаритсіз жүк жүрген жағдайда қалқалау немесе бақылау рамасын (макетін) орнату үшін бос вагондарды (жүксіз) пайдаланған кезде төлемді есептеу бақылау рамасы (макеті) массасының шамасына байланысты, бірақ 10 т-дан кем емес етіп әмбебап вагон үшін белгіленген тариф бойынша әрбір осындай вагонды ескеріп жүргізіледі.

Бұл жағдайларда тасымалдау құжаттарында «№ вагон бақылау рамасы үшін (немесе қалқалау үшін) алынған» деген белгі қойылуы тиіс. Егер қалқалау вагонына басқа жүк тиелсе, төлемді есептеу осы жүк үшін вагондық тариф бойынша жүргізіледі.

Габаритсіз жүктері бар тасымалдағыштардың жеке локомотивпен жүрген кезінде қалқалау немесе бақылау рамасын орнату үшін бос вагондарды пайдаланғаны үшін төлем алынбайды.

61. Біріктірілген тасымалдағыштарда жүктерді тасымалдаған кезде жүкті тасымалдау үшін төлемнен басқа қызмет көрсету бригадасын және оларға арналған арнайы жүк вагонын күткені үшін № 4 кестеде көрсетілген № 89-92 тарифтік сұлбалар бойынша төлем алынады.

Жүк көтергіштігі 240, 300, 400 және 500 тонна болатын біріктірілген үлгідегі транспортерлерді тиеуге жіберген, жүкпен жүріп келе жатқан және түсіргеннен кейін тіркелген жеріне ілесіп жүретін арнайы вагонмен бірге қайтарған кезде жүк құжаттамасы транспортер мен ілесіп жүретін вагонға жеке жасалады. Транспортермен жүретін ілепсе вагонды тасымалдағаны үшін жеке ақы алынбайды.

Біріктірілген тасымалдағыштардың осьтігі мен жүккөтергіштігі	Тарифтік сұлбаның №
16 осьті жүккөтергіштігі 240 т	89
20 осьті жүккөтергіштігі 300 т	90
28 осьті жүккөтергіштігі 400 т	91
32 осьті жүккөтергіштігі 500 т	92

## 62. Резервтелген.

62-1. Басқа темір жол әкімшілігінің темір жолына габаритті емес, ауыр салмақты және ұзын өлшемді жүкті тасымалдау үшін тұзу күйдегі бос транспортерді одан алынған өтінімге сәйкес жіберу, сондай-ақ оны түсіргеннен кейін бос күйінде меншік иесі - темір жол әкімшілігіне қайтару № 17 тарифтік сұлба бойынша төлем ақыларын төлеу арқылы жүзеге асырылады.

Егер мүкәммалдық (жалпы) парктің транспортеріндегі жүк транспортердің меншік иесі темір жолынан басқа мемлекеттің темір жолына тасымалданса немесе жүкті тиеу мүкәммалдық (жалпы) парктің жіберілген транспортеріндегі транспортердің меншік иесі темір жолға жүргізілген болса, мүкәммалдық (жалпы) парктің транспортерін түсіргеннен кейін немесе мүкәммалдық (жалпы) парктің транспортерін тиеуге жіберу төлем ақысы алынбай жүзеге асырылады.

63 «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның 2017 жылғы 24 қазандағы №830-ЦЗ бұйрығымен бекітілген ақаулы және шығарылған вагондарды қайта орналастыру Ережелеріне сәйкес жеке локомотивпен жүретін жүктерді тасымалдау үшін №59, 65, 71, 77, 83 тарифтік схемалары бойынша есептелетін тасымалдардан басқа, жол машиналарын жеке локомотивпен тасымалдау үшін төлем алынады:

локомотивтік тартымды пайдаланғаны үшін - поезд-километр үшін 1 294 теңге мөлшерінде;

жүк және коммерциялық жұмыс қызметтері үшін - поезд-километр үшін 42 теңге мөлшерінде;

вагондарды және контейнерлерді пайдаланғаны үшін - поезд-километр үшін 468 теңге мөлшерінде алынады.

Аталған тасымалдарды екі жеке локомотивпен жүзеге асыру кезінде локомотив тартымын пайдаланғаны үшін ақыны есептеу осы тармақтың ережелері бойынша 2 есе ұлғайтумен белгіленеді.

64. № 60-64, 66-70, 72-76, 78-82 және 84-88 тарифтік сұлбалар бойынша есептелетін тасымалдардан басқа, жүк жөнелтушінің талабы бойынша жеке локомотивпен жүретін вагондарда габаритсіз жүктерді тасымалдағаны үшін төлем:

габаритсіздігі 1 - 4-дәрежелі жүктер үшін - локомотивтік тартымның көрсететін қызметтері үшін поезд-километр үшін 1942 теңге мөлшерінде, жүк және коммерциялық жұмыс қызметтері үшін - поезд-километр үшін 63 теңге, вагондарды және контейнерлерді пайдаланғаны үшін - поезд-километр үшін 701 теңге;

габаритсіздігі 5-дәрежелі жүктер үшін - локомотивтік тартымның көрсететін қызметтері үшін поезд-километр үшін 2 587 теңге мөлшерінде, жүк және коммерциялық жұмыс қызметтері үшін - поезд-километр үшін 83 теңге, вагондарды және контейнерлерді пайдаланғаны үшін - поезд-километр үшін 935 теңге;

габаритсіздігі 6-дәрежелі жүктері үшін - локомотивтік тартымның көрсететін қызметтері үшін поезд-километр үшін 3 883 теңге мөлшерінде, жүк және коммерциялық жұмыс қызметтері үшін - поезд-километр үшін 125 теңге, вагондарды және контейнерлерді пайдаланғаны үшін - поезд-километр үшін 1 403 теңге;

габаритсіздігі аса жоғары жүктер үшін - локомотивтік тартымның көрсететін қызметтері үшін поезд-километр үшін 7 765 теңге мөлшерінде, жүк және коммерциялық жұмыс қызметтері үшін - поезд-километр үшін 251 теңге, вагондарды және контейнерлерді пайдаланғаны үшін - поезд-километр үшін 2 806 теңге алынады.

65. Ауыр жүк контейнерлерін тасымалдауға арналған 4 осьті платформа, раманың ұзындығы 13,4 м-ден кем ауыр жүк контейнерлерін тасымалдауға арналған 4 осьті платформа, раманың ұзындығы 13,4 м ауыр жүк контейнерлерін тасымалдауға арналған 4 осьті платформа, раманың ұзындығы 18,4 м ауыр жүк контейнерлерін тасымалдауға арналған 4 осьті платформа, 4 осьті платформа габаритті емес және аса габаритті жүктерді тасымалдауға арналған ауыр жүк контейнерлерін, доңғалақты техниканы және контейнерді тасымалдау үшін - цистерналар, ірі тоннажды контейнерлерді тасымалдауға арналған 4 осьті платформа, раманың ұзындығы 13,4 м ірі тоннажды контейнерлерді тасымалдауға арналған 4 осьті платформа, ірі тоннажды контейнерлерді және доңғалақты техниканы тасымалдауға арналған 4 осьті платформа (фитингтік платформалар) төлемақы 1,2 коэффициентін қолдана отырып, тиісті тарифтік схемалар бойынша белгіленеді.

## **11. Контейнерлерде жүктерді тасымалдау, контейнерлерде жүктерді арнайы тасымалдау үшін төлемді белгілеу**

66. Контейнерлер:

түрі бойынша - әмбебап және мамандандырылған;

тиесілігі бойынша - мүкәммалдық (жалпы) парк контейнерлері, меншікті және жалға алынған (клиенттерге тиесілі немесе олар жалға алған) контейнерлер болып бөлінеді.

67. Жүктерді мүкәммалдық (жалпы) парк контейнерлерінде және олардың көлікті параметрлері мүкәммалдық (жалпы) парк контейнерлерінде сәйкес келетін меншікті (жалға алынған) контейнерлерде тасымалдау үшін төлем футтармен берілген контейнердің үлгі өлшемі мен барынша жоғары (трафареттік) брутто массасына байланысты № 5 кестеде көрсетілген коэффициенттерді қолдана отырып, тарифтік сұлбалар бойынша.

№ 5 кесте

Футпен берілген контейнер үлгіөлшемі/барынша жоғары (трафареттік) брутто массасы, т	Схеманың №											
	мүкәмалдық (жалпы) парктің вагондарындағы мүкәмалдық (жалпы) парк контейнерлері				меншікті (жалға парктің алынған) вагондарындағы мүкәмалдық (жалпы) парк контейнерлері		мүкәмалдық (жалпы) парктің вагондарындағы меншікті (жалға алынған) парк контейнерлері				меншікті (жалға алынған) вагондардағы меншікті (жалға алынған) парк контейнерлері	
	Тарифтік басшылықтың (2-бөлім, 1- кітап) ставкалары бойынша локомотив тартымын пайдаланғаны үшін	Тарифтік басшылықтың (2-бөлім, 3- кітап) ставкалары бойынша жүк вагондарын пайдаланғаны үшін	Тарифтік басшылықтың (2-бөлім, 3- кітап) ставкалары бойынша контейнерлерді пайдаланғаны үшін	Тарифтік басшылықтың (2-бөлім, 2- кітап) ставкалары бойынша жүк және коммерциялық жұмыс қызметтеріне	Тарифтік басшылықтың (2-бөлім, 1- кітап) ставкалары бойынша локомотив тартымын пайдаланғаны үшін	Тарифтік басшылықтың (2-бөлім, 2- кітап) ставкалары бойынша жүк және коммерциялық жұмыс қызметтеріне	Тарифтік басшылықтың (2-бөлім, 3- кітап) ставкалары бойынша контейнерлерді пайдаланғаны үшін	Тарифтік басшылықтың (2-бөлім, 1- кітап) ставкалары бойынша локомотив тартымын пайдаланғаны үшін	Тарифтік басшылықтың (2-бөлім, 2-кітап) ставкалары бойынша жүк және коммерциялық жұмыс қызметтеріне	Тарифтік басшылықтың (2-бөлім, 3- кітап) ставкалары бойынша жүк вагондарын пайдаланғаны үшін	Тарифтік басшылықтың (2-бөлім, 1-кітап) ставкалары бойынша локомотив тартымын пайдаланғаны үшін	Тарифтік басшылықтың (2-бөлім, 2- кітап) ставкалары бойынша жүк және коммерциялық жұмыс қызметтеріне
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Барынша жоғары (трафареттік) брутто массасы 3,0 т	93	93	93	93	93 0,85 коэффициентін қолданып	93 0,85 коэффициентін қолданып	93 0,85 коэффициентін қолданып	99	99	93	99 0,85 коэффициентін қолданып	99 0,85 коэффициентін қолданып
Барынша жоғары (трафареттік) брутто массасы 5,0т	94	94	94	94	94 0,85 коэффициентін қолданып	94 0,85 коэффициентін қолданып	94 0,85 коэффициентін қолданып	100	100	94	100 0,85 коэффициентін қолданып	100 0,85 коэффициентін қолданып
3(5): неттосы 2400: кг-ға дейін тиелгенде	93	93	93	93	93 0,85 коэффициентін қолдан	93 0,85 коэффициентін қолданы	93 0,85 коэффициентін қолдан	99	99	93	99 0,85 коэффициентін қолдан	99 0,85 коэффициентін қолдан

					ып	п	қолда нып				қолдан ып	қолданып
Неттос ы 2400 кг-дан жоғары тиелгенде	94	94	94	94	94 0,85 коэффи циентін қолдан ып	94 0,85 коэффиц иентін қолданы п	94 0,85 коэфф ициен тін қолда нып	100	100	94	100 0,85 коэффи циен тін қолдан ып	100 0,85 коэффиц иен тін қолданып
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
ұзынд ығы 10 фут, барынша жоғары (трафаретті )к брутто массасы 10 т	95	95	95	95	95 0,85 коэффи циентін қолдан ып	95 0,85 коэффиц иентін қолданы п	95 0,85 коэфф ициен тін қолда нып	101	101	95	101 0,85 коэффи циен тін қолдан ып	101 0,85 коэффиц иен тін қолданып
ұзынд ығы 20 фут, барынша жоғары (трафаретті )к брутто массасы 20 т	97	97	97	97	97 0,85 коэффи циентін қолдан ып	97 0,85 коэффиц иентін қолданы п	97 0,85 коэфф ициен тін қолда нып	103	103	97	103 0,85 коэффи циен тін қолдан ып	103 0,85 коэффиц иен тін қолданып
ұзынд ығы 20 фут, барынша жоғары (трафаретті )к брутто массасы 24 т	97	97	97	97	97 0,85 коэффи циентін қолдан ып	97 0,85 коэффиц иентін қолданы п	97 0,85 коэфф ициен тін қолда нып	103	103	97	103 0,85 коэффи циен тін қолдан ып	103 0,85 коэффиц иен тін қолданып
ұзынд ығы 20 фут, барынша жоғары (трафаретті )к брутто	97 1,28 коэфф ициентін қолдан ып	97 1,28 коэфф ициентін қолда нып	97 1,28 коэф фици ентін қолда нып	97 1,28 коэф фици енті н қолд	97 0,85 және 1,28 коэффи циенттерін қолдан ып	97 0,85 және 1,28 коэффиц иенттерін қолданы п	97 0,85 және 1,28 коэфф ици енттер ін	103 1,28 коэфф ициентін қолдан ып	103 1,28 коэфф ици ентін қолда нып	97 1,28 коэфф ици ентін қолда нып	103 0,85 және 1,28 коэффи ци енттері н	103 0,85 және 1,28 коэффиц и енттерін қолданып

массасы 30 г				анып			қолда нып				қолдан ып	
ұзынд ығы 40 фут, барынша жоғары (трафаретті )к брутто массасы 30г	98	98	98	98	98 0,85 коэффи циентін қолдан ып	98 0,85 коэффиц иентін қолданы п	98 0,85 коэфф ицен тін қолда нып	104	104	98	104 0,85 коэффи циен тін қолдан ып	104 0,85 коэффиц иен тін қолданып
ұзынд ығы 40 футтан артық	98 1,2 коэфф ициентін қолдан ып	98 1,2 коэфф ициентін қолда нып	98 1,2 коэф фициентін қолда нып	98 1,2 коэф фициенті н қолд анып	98 0,85 және 1,2 коэффи циенттерін қолдан ып	98 0,85 және 1,2 коэффиц иенттерін қолданы п	98 0,85 және 1,2 коэфф ициенттері н қолда нып	104 1,2 коэфф ициентін қолдан ып	104 1,2 коэфф ициентін қолда нып	98 1,2 коэфф ициентін қолда нып	104 0,85 және 1,2 коэффи циенттерін қолдан ып	104 0,85 және 1,2 коэффиц иенттерін қолданып
0,625	105	105	105	105	105 0,85 коэффи циентін қолдан ып	105 0,85 коэффиц иентін қолданы п	105 0,85 коэфф ициентін қолда нып	-	-	-	-	-
1,25	105	105	105	105	105 0,85 коэффи циентін қолдан ып	105 0,85 коэффиц иентін қолданы п	105 0,85 коэфф ициентін қолда нып	-	-	-	-	-

68. Жүк жөнелтушілері немесе жүк алушылары жекелеген азаматтар (тек жеке тұлғалар) болып табылатын мүкәммалдық (жалпы) парктің әмбебап контейнерлерінде жеке (тұрмыстық) мұқтаждары үшін жүктерді тасымалдағаны үшін төлем № 93-98 тарифтік сұлбалар бойынша белгіленеді.

Жүк жөнелтушілері немесе жүк алушылары жекелеген азаматтар (тек жеке тұлғалар) болып табылатын өз (жалға алынған) контейнерлерінде жеке (тұрмыстық) мұқтаждары үшін жүктерді тасымалдағаны үшін төлем № 99-104 тарифтік схемалар бойынша алынады.

Азаматтардың жеке (тұрмыстық) мұқтаждықтары үшін жүктерді және азаматтарға тиесілі және жеке (тұрмыстық) мұқтаждықтары үшін жүктерге жатпайтын басқа да жүктерді (автомобильдер, шағын тракторлар, құрылыс материалдары, ауыл шаруашылығы және азық-түлік жүктері және т. б.) әмбебап контейнерде бір тасымалдау құжаты бойынша тасымалдау кезінде, егер іс жүзіндегі жүктің жалпы салмағы жеке (тұрмыстық) қажеттіліктер үшін жүктің салмағынан асады. Басқа жүктердің салмағы жеке (тұрмыстық) мұқтаждарға арналған жүктердің салмағынан аз болған кезде төлем жеке (тұрмыстық) мұқтаждарға арналған жүктер ретінде 2 есеге ұлғайта отырып есептеледі.»;

Мүкәммалдық (жалпы) парктің әмбебап контейнерлерінде жүктерді мүкәммалдық (жалпы) парктің вагондарында тасымалдау кезінде төлемақы әрбір контейнер үшін №93-98 тарифтік схемалар бойынша белгіленеді.

Меншікті (жалға алынған) парк вагондарында мүкәммалдық (жалпы) парктің әмбебап контейнерлеріндегі жүктерді тасымалдағанда төлем әр контейнер үшін локомотив тартымын пайдаланғаны үшін төлемді, жүк және коммерциялық жұмыстың көрсеткен қызметтеріне арналған тарифтерді, контейнерлерді пайдаланғаны үшін төлемді № 93-98 тарифтық сұлбалар бойынша 0,85 коэффициентімен есептеу жолымен белгіленеді, бұл ретте жүк вагондарын пайдаланғаны үшін төлем алынбайды.

Параметрлері мүкәммалдық (жалпы) парктің әмбебап контейнерлеріне сәйкес келетін әмбебап меншікті (жалға алынған) контейнерлерінде, меншікті (жалға алынған) вагондарда жүктерді тасымалдағанда төлем әр контейнер үшін локомотив тартымын пайдаланғаны үшін төлемді, жүк және коммерциялық жұмыстың көрсеткен қызметтеріне арналған тарифтерді, контейнерлерді пайдаланғаны үшін төлемді № 99-104 тарифтік сұлбалар бойынша 0,85 коэффициентімен есептеу жолымен белгіленеді, бұл ретте жүк вагондарын пайдаланғаны үшін төлем, контейнерлерді пайдаланғаны үшін төлем алынбайды.

Параметрлері мүкәммалдық (жалпы) парктің әмбебап контейнерлермен сәйкес келетін әмбебап меншікті (жалға алынған) контейнерлерінде, мүкәммалдық (жалпы) парктің вагондарында жүктерді тасымалдағанда төлем әр контейнер үшін локомотив тартымын пайдаланғаны үшін төлемді, жүк және коммерциялық жұмыстың көрсеткен қызметтеріне арналған тарифтерді № 99-104 тарифтік сұлбалар бойынша, жүк вагондарын пайдаланғаны үшін төлемді № 93-98 тарифтік сұлбалар бойынша есептеу жолымен белгіленеді, бұл ретте контейнерлерді пайдаланғаны үшін төлем алынбайды

69. Жүктерді олардың параметрлері мүкәммалдық (жалпы) парктің контейнерлерімен сәйкес сәйкес келетін мамандандырылған ірі тонналық контейнерлерде (тоңазытқыш контейнерлерде, танк-контейнерлерде), фитингілік платформалардан тұратын тіркестері, тасымалдаған кезде төлем жүктерді ірі тонналық әмбебап контейнерлерде тасымалдауға оның тиесілігі футтармен берілген контейнердің үлгіөлшемі мен барынша жоғары трафареттік брутто массасына байланысты белгіленген тарифтер бойынша белгіленеді.

70. Параметрлері мүкәммалдық (жалпы) парқтың әмбебап контейнерлермен сәйкес келетін бос меншікті (жалға алынған) әмбебап контейнерлерін мүкәммалдық (жалпы) парқтың вагондарында тасымалдаған кезде төлем әр бос контейнер үшін локомотив тартымын пайдаланғаны үшін төлемді, жүк және коммерциялық жұмыстың көрсеткен қызметтеріне арналған тарифтерді № 99-104 тарифтік сұлбалар бойынша 0,5 коэффициентімен, жүк вагондарын пайдаланғаны үшін төлемді № 93-98 тарифтік сұлбалар бойынша есептеу жолымен белгіленеді, бұл ретте контейнерлерді пайдаланғаны үшін төлем алынбайды.

Меншікті (жалға алынған) вагондарда бос меншікті (жалға алынған) контейнерлерді тасымалдаған кезде төлем әр бос контейнер үшін локомотив тартымын пайдаланғаны үшін төлемді, жүк және коммерциялық жұмыстың көрсеткен қызметтеріне арналған тарифтерді № 99-104 тарифтік сұлбалар бойынша 0,5 және 0,85 коэффициенттерімен есептеу жолымен белгіленеді, бұл ретте жүк вагондарын пайдаланғаны үшін төлем және контейнерлерді пайдаланғаны үшін төлем алынбайды.

Мүкәммалдық (жалпы) парктің бос әмбебап контейнерлері бар меншікші (жалға алынған) вагондардың жүрісі кезінде жүріс үшін төлем локомотив тартымын пайдаланғаны үшін төлемді, жүк және коммерциялық жұмыстың көрсеткен қызметтеріне арналған тарифтерді № 14а тарифтік сұлба бойынша мына коэффициенттерді қолданып есептеу жолымен белгіленеді:

вагонға толық жинақтарымен- 0,5;

дара ірі тонналық контейнерлер- 0,8.

71. Жүк тиелген және бос рейстегі меншікті (жалға алынған) дизель-вагон электростанцияның жүрген жолы үшін ақы № 16 тарифтік сұлба бойынша есептеледі.

72. Резервтелген.

73. Жүктерді олардың параметрлері мүкәммалдық (жалпы) парктің контейнерлерінің параметрлерімен сәйкес келмейтін мамандандырылған контейнерлерде тасымалдау үшін төлем вагондық немесе шағын жөнелтпелердің ережелері бойынша белгіленеді.

Жүктерді меншікті (жалға алынған) мамандандырылған контейнерлерде вагондық жөнелтпелермен (вагонға арналған жинақпен) тасымалдауға ұсынған кезде төлем № 1 немесе 2 тарифтік сұлба бойынша вагондағы жүктің массасына алынады, бірақ осы жүк үшін белгіленген ең аз салмақ нормасынан кем емес.

Жүктерді олардың параметрлері мүкәммалдық (жалпы) парктің контейнерлерінің параметрлерімен сәйкес келмейтін меншікті (жалға алынған) жекелеген мамандандырылған контейнерлерде тасымалдауға ұсынған кезде төлем жүктерді жиналмалы вагондарда тасымалдауға арналған тарифтер бойынша контейнердің брутто массасы үшін (№ 105 тарифтік сұлба) алынады.

74. Бос меншікті (жалға алынған) мамандандырылған контейнерлерді тасымалдаған кезде төлем:

вагондық жөнелтпелермен (вагонға арналған жинақпен) - № 1 немесе 2 тарифтік сұлба бойынша вагондағы жүктің массасына;

жекелеген контейнерлерді - жүктерді жиналмалы вагондарда тасымалдауға арналған тариф бойынша (№ 105 сұлба) контейнердің брутто массасына байланысты алынады.

74-1. Меншікті (жалға алынған) вагондарда контейнерлерді тасымалдау үшін төлем осы тараудың талаптарына сәйкес есептелген төлемді 0,85 коэффициентіне көбейту арқылы белгіленеді.

74-2. Әмбебап контейнерлерде, сондай-ақ параметрлері мүкәммалдық (жалпы) парктің әмбебап контейнерлерімен сәйкес келетін мамандандырылған ірі тоннажды контейнерлерде жүктерді арнайы тасымалдау кезінде төлем оның тиесілілігіне қарай әмбебап контейнерлерде жүктерді тасымалдауға белгіленген тарифтер бойынша, локомотив тартым қызметтерінің тарифтеріне және жүк және коммерциялық жұмыс қызметтерінің тарифтеріне 3 мөлшерінде ұлғайту коэффициентін қолдана отырып, брутто контейнердің футпен және максималды (трафареттік) салмағындағы контейнер мөлшері осы тараудың ережелеріне сәйкес белгіленеді.

74-3. Бос меншікті (жалға алынған) контейнерлерді тасымалдау үшін, сондай-ақ параметрлері арнаулы жүктерді түсіруден келетін мүкәммалдық (жалпы) парктің әмбебап контейнерлерімен сәйкес келетін бос мамандандырылған ірі тоннажды контейнерлерді тасымалдау кезінде, параметрлері инвентарлық (жалпы) парктің әмбебап контейнерлерімен сәйкес келеді, локомотив тарту қызметтерінің тарифтеріне және жүк және коммерциялық жұмыс қызметтерінің тарифтеріне 3 мөлшерінде ұлғайту коэффициентін қолдана отырып, футағы контейнердің типтік мөлшеріне және брутто контейнердің максималды (трафареттік) массасына байланысты төлем осы тараудың бос меншікті (жалға алынған) контейнерлерді тасымалдау тарифтерін есептеу үшін белгіленген ережелеріне сәйкес белгіленеді.

## **12. Автомобиль көлік құралына (АКҚ), интермодальды көлік бірлігіне (контейнерлерден басқа ИКБ) тиелген жүкті тасымалдау үшін төлемді белгілеу**

75. АКҚ жатады:

жүк тиелген автомобиль, автопоезд, тіркеме, сондай-ақ автомобиль, автопоезд, темір жол арқылы жүк тасымалдау үшін пайдаланылғанға дейін немесе одан кейін бос күйіндегі тіркеме

(контейнерлерден басқа) ИКБ жатады:

алынбалы автомобиль шанағы, көлік түрін ауыстырған кезде жүктің өзін шамадан тыс жүктеместен екі немесе одан да көп көлік түрімен жүктерді тасымалдауға арналған жартылай тіркеме

76. Жүктері бар автопоездарды жалпы парктің мамандандырылған платформаларында тасымалдаған кезде төлем № 98 тарифтік сұлба бойынша 1,25 коэффициентін қолдану арқылы алынады.

77. Жүктері бар жартылай тіркемелерді жалпы парктің мамандандырылған платформаларында тасымалдаған кезде төлем № 98 тарифтік сұлба бойынша 1,1 коэффициентін қолдану арқылы әрбір жартылай тіркеме үшін алынады.

78. Жүктері бар алынбалы автомобильдік шанақтарды жалпы парктің мамандандырылған платформаларында тасымалдаған кезде төлем әрбір алынбалы шанақ үшін оның тұрпаттық мөлшеріне байланысты:

ұзындығы 7,8 м-ге дейін - 0,6 коэффициентін қолдану арқылы № 98 тарифтік сұлба бойынша;

ұзындығы 13,6 м - 1,0 коэффициентін қолдану арқылы № 98 тарифтік сұлба бойынша алынады.

79. Меншікті (жалға алынған) мамандандырылған платформаларда жүктері бар автопоездарды, жартылай тіркемелерді және алынбалы автомобильдік шанақтарды тасымалдағаны үшін төлем осы Тарифтік басшылығы (Прейскуранттың) 76-78-тармақтарына сәйкес 20%-дық шегеріммен алынады.

80. Мамандандырылған платформаларда бос автопоездарды, жартылай тіркемелерді және алынбалы автомобильдік шанақтарды тасымалдау үшін төлем осы Прейскуранттың 76-79-тармақтарына сәйкес 15%-дық шегеріммен белгіленеді.

### **13. Жүктерді құрама вагонда (контейнерде) тасымалдау үшін төлемді белгілеу**

81. Құрама вагон (контейнер) деп олардың әрқайсысы бойынша төлем есептеу арқылы әртүрлі тасымалдау құжаттарымен ресімделген жүктердің бірнеше шағын жөнелтпелері тиелген вагон (контейнер) саналады.

82. Мүкәмалдық (жалпы) парк вагонында (мүкәмалдық (жалпы) парк контейнерлерінде) жүктерді, соның ішінде үй заттарын, шағын жөнелтпелермен тасымалдау үшін төлем № 105 тарифтік сұлба бойынша, ал меншікті (жалға алынған) вагонда (контейнерде) - 0,8 коэффициентін қолдану арқылы № 105 тарифтік сұлба бойынша алынады.

### **14. Әртүрлі атаулардағы жүктерді тасымалдау төлемін белгілеу**

83. Резервтелген.

84. Вагонда бір жүкқұжат бойынша бірлескен тасымалдауға жіберілген әртүрлі атаудағы жүктерді тасымалдау кезінде төлемақыны есептеу жүргізіледі:

бірдей ең аз салмақтық нормалары бар жүктер бойынша - жөнелтпенің жалпы нақты массасына сүйеніп, бірақ ең аз салмақ нормасынан кем емес;

әртүрлі ең аз салмақтық нормалары бар жүктер бойынша - жөнелтпенің жалпы массасына сүйеніп, бірақ жиынтықталған жөнелтпенің құрамында ең көп массасы бар жүктің ең аз салмақтық нормасынан кем емес етіп жүргізіледі. Бұл ретте массасы ең көп жүк деп жеке атаулы жүк немесе олар үшін бірдей ең аз салмақтық нормалары белгіленген әртүрлі атаулы жүк саналады. Егер жиынтықталған жөнелтпенің құрамындағы жүктердің массасы бірдей болса, онда төлемді есептеу жөнелтпенің жалпы массасына, бірақ шамасы үлкен ең аз салмақ нормасынан кем емес етіп жүргізіледі.

Бұл ретте ақы жиынтықталған жөнелтілімнің құрамындағы ең үлкен массадан тұратын жүктің тарифы бойынша анықталады.

Төлем келесі жағдайларда ең жоғары мөлшерлеме бойынша тасымалданатын жүктер үшін тарифтерге сәйкес белгіленеді:

- егер әрбір атаудағы жүктің массасы жеке көрсетілмесе;

- жүктің салмағы бірдей және ең төменгі салмақ нормалары бірдей әртүрлі атаудағы жүктер үшін.

Егер жиынтықталған вагондап жөнелтудің құрамында габариттен тыс жүк болса, онда тасымалдау үшін ақы осы Тарифтік басшылықтың (прейскуранттың) 10 тарауының № 3 кестесінде көрсетілген тарифтік схемалар бойынша габариттен тыс жүк үшін төленетін ақы ретінде анықталады.

Егер жиынтықталған вагондап жөнелтудің құрамында габаритсіздіктің әртүрлі деңгейі мен түрлері бар екі немесе бірнеше габариттен тыс жүк болса, онда тасымалдау үшін ақы осы Тарифтік басшылықтың (прейскуранттың) 10 тарауының № 3 кестесінде көрсетілген жүк габаритсіздігінің ең үлкен деңгейіне арналған тарифтік схемалар бойынша анықталады.

## **15. Жүктерді тікелей аралас қатынаста вагондық жөнелтпелермен тасымалдау үшін төлемді белгілеу**

85. Жүктерді КЗХ бойынша тікелей аралас қатынаста (көліктің басқа түрлерінің қатысуымен: су, автомобильдік және құбыржолдық) тасымалдау үшін төлем жалпы негізде белгіленеді.

## **16. Жүктерді тікелей халықаралық теміржолдық қатынаста тасымалдағаны үшін төлемді белгілеу**

86. Экспорттық жүктерді тікелей халықаралық теміржолдық қатынастың құжаттары бойынша жөнелту станциясынан КЗХ-ның түйіспелік (шекаралық) шығу станциясына дейін тасымалдаған кезде, егер олар үшін басқа ережелер белгіленген болмаса төлем жалпы негізде белгіленеді.

87. Импорттық жүктерді вагондық жөнелтпелермен тікелей халықаралық теміржолдық қатынастың құжаттары бойынша КЗХ-ның кіру түйіспелік

(шекаралық) станциясынан тағайындалған станциясына дейін тасымалдау үшін төлем, егер олар үшін басқа ережелер белгіленген болмаса, жалпы негізде белгіленеді.

88. Изотермиялық вагонда импорттық тез бұзылатын жүктердің екі немесе үш жөнелтпесін тасымалдау үшін төлем тиісінше әрбір тасымалдау құжаты бойынша осы изотермиялық вагон үшін белгіленген ставкалардың 50% және 35% мөлшерінде алынады.

### **17. Жүктерді жолтабанның бір енінің вагондарынан жолтабанның басқа еніндегі вагондарына ауыстырып тиеген кезде оларды вагондық жөнелтпелермен тасымалдау үшін төлем тәртібін белгілеу**

89. Егер бір жөнелтуге жататын жүк Халықаралық темір жол жүк қатынасы туралы келісімнің 30-бабының 8-параграфында аталған себептер бойынша шекаралық станцияда жолтабанның бір енінің бір вагонынан жолтабанның басқа енінің екі немесе одан көп вагондарына қайта тиелсе, вагондардың әрқайсысына қайта тиелген жүк үшін тасымалдау төлемдері дербес вагондап жөнелту ретінде есептеледі.

Егер шекаралық станцияда жолтабанның бір енінің бір және одан көп вагонынан жолтабанның басқа енінің екі немесе одан көп вагондарына қайта тиелсе, қайта тиелгеннен кейін жөнелтуді тасымалдау үшін төлем белгіленеді:

вагондап жөнелтудің негізгі бөлігі үшін вагондағы жүктің массасынан, бірақ осы жүкті барынша аз салмақтық нормасынан кем болмайтындай;

жөнелтілімнің негізгі бөліктері бар вагонға симай қалған, артынан жөнелту құжаттары бойынша тасымалданатын бір атаудағы жүктің (ЖБТСН бір позициясына жататын), вагондап жөнелтудің бір немесе бірнеше бөлігі үшін - осы вагонға тиелген бөліктің нақты массасы немесе жөнелтілім бөліктерінің нақты жиынтық массасын ескере отырып, бірақ 10 тоннадан кем емес;

жөнелтілімнің негізгі бөліктері бар вагонға симай қалған, артынан жөнелту құжаттары бойынша тасымалданатын әртүрлі атаудағы жүктерді (ЖБТСН бір позициясына жататын) вагондап жөнелтудің бөліктері үшін - осы вагонға тиелген жөнелтілімнің әрбір бөлігінің нақты массасын ескере отырып, бірақ 10 тоннадан кем емес;

90. Егер шекаралық станцияда бір жүк алушының атына бір тағайындалған станцияға баратын екі немесе одан көп вагондық жөнелтпелер жолтабанның бір енінің екі немесе одан көп вагондарынан жолтабанның басқа енінің бір вагонына қайта тиелсе, қайта тиелгеннен кейін КЗХ бойынша тасымалдау үшін төлем жөнелтпелердің қосынды жалпы массасына сүйеніп белгіленеді, бірақ тиелген вагон үшін жүктеменің ең аз салмақтық нормасынан кем емес етіп.

Осы тармақтың күші қайта тиелетін жөнелтпелер жолтабанның басқа енінің бір вагонына толық сыятын жағдайларға ғана тарайды.

90-1. Егер жүру жолында КЗХ-ға қатыссыз себептер бойынша жолтабанының ені сондай бір вагоннан бір немесе одан артық вагонға жүкті қайта тиеу қажет болса, онда вагондардың әрқайсысына қайта тиелген жүк үшін тасымал ақысы вагондағы жүктің массасына қарай, бірақ осы жүкті тиеудің ең аз салмақ нормасынан кем емес, дербес әрбір вагон бойынша жөнелтілім ретінде есептеледі. Бұдан басқа, Тарифтік басшылықтың (прейскуранттың) 3-бөлімінің 50-тармағына сәйкес жүкті шамадан тыс тиегені үшін алым алынады.

Егер жүру жолында жүкті шамадан тыс тиеу КЗХ-ға қатысты себептер бойынша туындаса, онда шамадан тыс тиелген жүк үшін тасымал ақысы жөнелту станциясында жүк тиелген вагон бойынша бір жөнелтілім ретінде есептеледі. Жүкті шамадан тыс тиегені үшін алым алынбайды.

### **18. Жүктердің тағайындалған станциясын өзгерту (мекенжайын өзгерту) кезіндегі төлемді белгілеу**

91. Тасымалдауға қабылданған жүктің тағайындалған станциясын өзгерту (мекенжайын өзгерту) кезінде төлем:

1) КЗХ-ның жөнелту станциясынан КЗХ-ның мекенжайы өзгертілген станциясына дейін - республикалық қатынастағы тарифтер бойынша (алғашқы тасымалдау құжаттары бойынша), КЗХ-ның мекенжайы өзгертілген станциясынан КЗХ-ның жаңа тағайындалған станциясына дейін - республикалық қатынастағы тарифтер бойынша (жаңа тасымалдау құжаттары бойынша) жүргізіледі.

Жүктерді тасымалдау үшін төлемді есептеудің осындай тәртібі, егер жөнелту станциясы немесе тағайындалған станциясы басқа теміржолдық мемлекетке тиесілі, бірақ Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан болса, жүргізіледі;

2) КЗХ-ның кіру түйіспелік (шекаралық) кіру станциясынан немесе басқа мемлекеттің аумағында орналасқан КЗХ-ның станциясынан Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан КЗХ-ның мекенжайы өзгертілген станциясына дейін - халықаралық импорттық қатынастағы тарифтер бойынша (алғашқы тасымалдау құжаттары бойынша), КЗХ-ның мекенжайы өзгертілген станциясынан Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан КЗХ-ның жаңа тағайындалған станциясына дейін - халықаралық импорттық қатынастағы тарифтер бойынша (алғашқы тасымалдау құжаттары бойынша), кедендік органдардың рұқсаты болғанда ғана;

Егер жөнелту станциясы немесе межелі станция басқа теміржол мемлекетіне тиесілі болса, бірақ Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан болса, жүктерді тасымалдау үшін төлемді есептеудің келесідей тәртібі жүргізіледі;

3) Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан КЗХ-ның жөнелту станциясынан КЗХ-ның мекенжайы өзгертілген станциясына дейін және КЗХ-ның мекенжайы өзгертілген станциясынан КЗХ-ның түйіспе шекаралық шығу станциясына дейін Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан немесе

басқа мемлекеттің аумағында орналасқан КЗХ-ның станциясына дейін - КЗХ-ның бастапқы жөнелту станциясынан КЗХ-ның түйіспе шекаралық шығу станциясына дейін немесе басқа мемлекеттің аумағында орналасқан КЗХ станциясына дейін нақты жүріп өткен қашықтық үшін халықаралық экспорттық қатынастағы тарифтер бойынша (ХЖҚК-нің жаңа тасымалдау құжаттары бойынша);

4) КЗХ-ға тиесілі емес жөнелту теміржол станциясынан КЗХ тасымалдау (қайта жіберу) шартын өзгерту станциясына дейін және КЗХ тасымалдау (қайта жіберу) шартын өзгерту станциясынан КЗХ-ға тиесілі емес жаңа мақсаттағы теміржол станциясына дейін (ескі тасымалдау құжаттары бойынша) – кіреберіс түйіспелі (шекаралық) станциядан бөлек тасымалдаудың нақты транзиттік қашықтығын негізге ала отырып кеден органдарының рұқсаты болған кезде халықаралық транзиттік қатынастағы тарифтер бойынша КЗХ тасымалдау (қайта жіберу) шартын өзгерту станциясына дейін және КЗХ тасымалдау (қайта жіберу) шартын өзгерту станциясынан КЗХ шығыс түйісу (шекаралық) станциясына дейін бөлек.

Жүктерді тасымалдау үшін төлемді белгілеудің аталған тәртібі, сондай-ақ КЗХ-ның жөнелту станциясы мен КЗХ-ның жаңа тағайындалған станциясы басқа мемлекеттің аумағында орналасқан жағдайда қолданылады.

91-1. Жүктің тағайындалған станциясын өзгерту (қайта бағыттау) кезінде төлем мекенжайы өзгертуді ресімдеу күніндегі қолданыстағы тарифтер бойынша, есептеледі.

### **19. Ерекше ережелердің негізінде тасымалданатын жарылғыш, улы, радиоактивті және басқа заттарды (тобы мен разрядын көрсету арқылы) тасымалдау үшін төлемді белгілеу**

92. Осы тараудың ережелері:

- Достастыққа қатысушы мемлекеттердің темір жол көлігі жөніндегі кеңесі бекіткен Темір жолдар бойынша қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларына сәйкес 1 «Жарылғыш заттар мен бұйымдар», 6.2 «Инфекциялық заттар» және 7 «Радиоактивті заттар» сыныптарына жататын (05.04.96 ж. № 15 хаттама.) (бұдан әрі - ҚЖТЕ ТКОК бойынша);

2009 жылғы 22 мамырда Достастыққа қатысушы мемлекеттердің темір жол көлігі жөніндегі Кеңесінің 50 отырысында бекітілген ҚЖТЕ ТКОК және мұнай битумын тасымалдауға арналған бункерлік үлгідегі вагондар-цистерналар мен вагондарда сұйық жүктерді құюмен тасымалдау Ережелеріне, сондай-ақ қауіпті жүктерді тасымалдау Ережелеріне (халықаралық темір жол жүк қатынасы туралы Келісімге 2-қосымша) сәйкес тасымалдау көзделген жүк жөнелтушілердің (жүк алушылардың) жолсеріктерінің (мамандарының) сүйемелдеуімен ғана.

93. Аталған жүктерді тасымалдау үшін төлем:

1) мүкәммалдық жалпы парк вагондарында (соның ішінде арнаулы контейнерлерде вагонға арналған жинақпен) - № 105 тарифтік сұлба бойынша вагондағы жүктің массасы үшін үш есе көбейту арқылы, бірақ 30 т-дан кем емес;

2) меншікті (жалға алынған) вагондарда, соның ішінде меншікті (жалға алынған) арнаулы контейнерлерде вагонға арналған жинақпен - № 105 тарифтік сұлба бойынша үш есе ұлғайту арқылы, вагондағы жүктің массасына байланысты 5%-дық шегеріммен, бірақ 30 т-дан кем емес;

3) әмбебап контейнерлерде, параметрлері мүкәммалдық (жалпы) парктің әмбебап контейнерлерімен сәйкес келетін мамандандырылған ірі тоннажды контейнерлерде - магистральдық теміржол желісінің қызметтеріне, локомотив тарту қызметтеріне, қызметтерге тарифтерге 3 мөлшерінде арттыру коэффициентін қолдана отырып, брутто контейнердің тиесілілігіне және массасына байланысты № 93-104 тарифтік схемалар бойынша жүк және коммерциялық жұмыстарға, контейнерлерді пайдаланғаны үшін қызметтерге, вагондарды пайдаланғаны үшін қызметтерге;

4) шағын жөнелтпелермен - жөнелтпенің массасы үшін № 105 тарифтік сұлба бойынша, бірақ әрбір жөнелтпе бойынша 3 т-дан кем емес;

5) цистерналарға құйып - цистерналардың тиесілілігіне байланысты № 23 немесе 24 тарифтік сұлбалар бойынша белгіленеді.

94. Осы тарауда аталмаған қауіпті жүктерді тасымалдау үшін төлем жалпы негізде белгіленеді.

Егер қауіпті жүктері бар вагондарды тасымалдау кезінде вагондарды бір бірінен қалқалау бос әмбебап вагондармен (платформамен, үсті ашық вагонмен) жүзеге асырылса, онда осы вагондардың жүріп өтуі үшін ақы бос жылжымалы құрам үшін осы Тарифтік басшылықтың (прейскуранттың) 22-тарауының № 7 кестесінде белгіленген тарифтік схемалар бойынша әрбір осындай вагон үшін жеке анықталады.

Қалқалау вагонына басқа жүк тиеу кезінде тасымалдау үшін ақы осы Тарифтік басшылықтың (прейскуранттың) 6-тарауында белгіленген жүктерді әмбебап жылжымалы құрамда тасымалдауға арналған тарифтік схемалар бойынша анықталады.

## **20. Жүктерді үлкен жылдамдықпен (немесе жолаушы поездарымен) тасымалдау үшін төлемді белгілеу**

95. Жүктерді, соның ішінде жүктерді тоңазытқыш вагондарда және жүк жөнелтушінің (жүк алушының) жолсеріктерін үлкен жылдамдықпен тасымалдауды (немесе жолаушы поездарымен) қызыл жолақты тасымал құжаттарының бланкілерінде ресімдеген кезде төлем жалпы негізде, екі есе ұлғайту арқылы белгіленеді.

## **21. Жүк жөнелтушінің (жүк алушының) жолсеріктерінің жүк вагонында жүруі үшін төлемді белгілеу**

96. Жүк поезымен жүк вагонында немесе меншікті (жалға алынған) жолаушы вагонында жөнелтушінің (жүк алушының) жолсеріктерінің жүргені үшін төлем жүктің қай поезбан жүргеніне тәуелсіз уақытша Прейскуранттың 2-бөлігінің 1-3-кітаптарының 8-бөлімі есептік кестелерінің ставкалары бойынша белгіленеді.

Бұл ретте төлемді есептеу:

жолсеріктердің жүгі бар вагонда жүрген кезінде (тиесілігіне тәуелсіз) - жүргендердің нақты санына;

жолсеріктердің жалпы парктің жеке жүк вагонында жүрген кезінде - жүргендердің нақты санына, бірақ 30 адамнан кем емес;

жолсеріктердің жеке меншікті (жалға алынған) жүк немесе жолаушы вагонында жүрген кезінде - жүргендердің нақты санына жүргізіледі.

Жолсеріктердің жүргені үшін төлемнен басқа меншікті (жалға алынған) вагондардың бос жүрген жолына төлем:

жүк - № 14 тарифтік сұлба бойынша;

жолаушы - № 17 тарифтік сұлба бойынша алынады.

## **22. Локомотивтердің, меншікті (жалға алынған) вагондардың жол жүрісі және жүктерді тасымалдау төлемді белгілеу**

97. Кейіннен бөтен ұйымдарға локомотив тартымы қызметтерін өз жүрісіндегі дара локомотив магистральдық жолдар бойынша жүрген кезде жүк және коммерциялық жұмыс қызметтері үшін ақы № 17 тарифтік сұлба бойынша алынады.

97-1. Жүк тиелген немесе меншікті бос (жалға алынған) вагондармен поездың құрамындағы локомотивтер ТМД елдері темір жолдарының өзара халықаралық ынтымақтаусы мақсатында темір жол көлігі қызметін реттейтін келісімдер бойынша жұмыстарды орындайтын ҚХХ темір жолының локомотивтерін қоспағанда, магистральдық жолдар бойынша жүрген кезде жүк және коммерциялық жұмыс қызметтері үшін ақы жалпы негізде белгіленеді. Бұл ретте локомотив тартымы мен жүк вагондарын пайдаланғаны үшін ақы алынбайды.

98. Жүктерді мүкәммал (жалпы) парктің вагондарында локомотивпен КХЗ темір жолының локомотивінен, сондай-ақ ТМД елдері темір жолдарының өзара халықаралық ынтымақтасуы мақсатында темір жол көлігі қызметін реттейтін келісімдер бойынша жұмыстарды орындайтын басқа темір жолдардың локомотивтерінен басқа тасымалдаған кезде жүк және коммерциялық жұмыс қызметтері үшін және мүкәммал (жалпы) парктің жүк вагондарын пайдаланғаны үшін ақы жалпы негізде белгіленеді. Бұл ретте локомотив тартымы мен жүк вагондарын пайдаланғаны үшін ақы алынбайды.

99. «ҚТЖ – ЖТ» АҚ локомотиві бар меншікті (жалға алынған) вагондардың бос күйінде жүруі кезінде локомотив тарту қызметтері мен жүк және

коммерциялық жұмыс қызметтері үшін төлемақы № 7 кестеде көрсетілген № 14-17 тарифтік схемалар бойынша вагон түріне байланысты белгіленеді.

Осы тармақтың күші дезинфекциялау, дезинсекциялау және/немесе жуу/булау үшін түсіру станциясынан жіберу кезінде вагондардың бос жүруіне (олардың тиістілігіне қарамастан), түсіру станцияларында дезинфекциялау, дезинсекциялау, жуу пункті болмаған жағдайда қолданылады

Осы тармақтың күші 115-1-тармақта көрсетілген өз осьтеріндегі жүк ретінде тасылатын жылжымалы құрамның жүрісіне таралмайды.

Кәсіпорындардың меншікті (жалға алынған) вагондарының түрлері	Тарифтік схеманың №
1	2
<p>Әмбебап вагондар (платформалар, жартылай вагондар, жабық), жүк рефрижераторлық вагондардан қайта жабдықталған 4 осьті жабық вагондар, ауыр жүк контейнерлерін тасымалдауға арналған 4 осьті платформалар, раманың ұзындығы 13,4 м-ден аз ауыр жүк контейнерлерін тасымалдауға арналған 4 осьті платформалар, раманың ұзындығы 13,4 м ауыр жүк контейнерлерін тасымалдауға арналған 4 осьті платформалар, 4- раманың ұзындығы 18,4 м ауыр жүк контейнерлерін тасымалдауға арналған осьтік платформалар, ауыр жүк контейнерлерін, доңғалақ техникасын тасымалдауға арналған 4 осьті платформалар және контейнер - цистерналар, ірі тоннажды контейнерлерді тасымалдауға арналған 4 осьті платформалар, раманың ұзындығы 13,4 м ірі тоннажды контейнерлерді тасымалдауға арналған 4 осьті платформалар, ірі тоннажды контейнерлер мен доңғалақты техниканы тасымалдауға арналған 4 осьті платформалар (фитингтік платформалар), цементке арналған хопперлер (хоппер-цемент тасушылар), малға арналған вагондар (мал тасушылар), астыққа арналған вагондар (астық тасушылар), минералдық тыңайтқыштар мен олардың шикізаты үшін (минерал тасығыштар), шекемтасарға және агломераттарға арналған (шекемтас тасығыштар),хоппер-мөлшерлегіштер, төменде аталғандардан басқа цистерналар</p>	14
<p>Екі деңгейлі платформаларды, микроавтобустарға, кокос жаңғағына (кокос жаңғағы), шымтезекке арналған бір деңгейлі жабық вагондарды қоса алғанда, автомобильдерді тасымалдауға арналған 4 осьті толық металды жабық вагондар (шымтезек тасығыштар), түйіршіктелген күйе (көшет тасығыштар), технологиялық жоңқалар (ағаш тасығыштар), илектелген болат (орама тасығыштар), ұн және түйіршіктелген полимерлер (ұн тасығыштар), термос-вагондар, мұздықтар вагондары, мұнай битумына арналған бункерлік жартылай вагондар (битум тасығыштар), сұйытылған газдарға арналған цистерналар, қышқылдарға арналған цистерналар, цемент (цистерналар-цемент тасығыштар), сода күлі (содовоздар), поливинилхлорид, ағаш материалдары үшін (ағаш тасығыштар), қамшылардағы орманға арналған платформалар (қамшы тасығыштар), контейнерлер (контейнер тасығыштар), думпкарлар (самосвалдар вагондары), сусымалы жүктерді тасымалдауға арналған 4 осьті өздігінен түсіретін жартылай вагондар (самосвал-Вагондар) және 10 т/оське дейінгі ыдысы бар басқа да атаусыз вагондар.</p>	15
<p>Тоңазытқыш поездардың, секциялардың вагондары және дербес вагондар, шарапқа арналған изотермиялық цистерна- вагондар, тірі балыққа арналған вагондар, дизель-электростанция- вагондар және ыдысы 10-нан артық 12,5 т/оське дейінгі аталмаған басқа вагондар.</p>	16
<p>Жолаушы вагондары, локомотивтер, локомотивтердің тендерлері, электр-және дизель-поездардың вагондары, крандар және жол машиналары, тасымалдағыштар, сондай-ақ ыдысы 12,5 т/осьтен артық темір жолмен жүретін басқа вагондар мен жылжымалы жабдықтар</p>	17

99-1. Жүктерді түсіруден, жүктерді тиеуге (оның ішінде бір жүкті түсіруден, басқа жүкті тиеуге), жөндеуге/жөндеуге, қайта орналастыру кезінде жүретін

меншікті (жалға алынған) вагондардың бос жүрісі үшін Локомотив тартқышы, жүк және коммерциялық жұмыс қызметтері үшін ақы тарифтік схемалар бойынша айқындалады, №7 кестеде көрсетілген Тарифтік басшылықтың (прейскуранттың) 1-бөлігі, жылжымалы құрамның түріне байланысты, БТСНГ позициясының 421 жүктері үшін индекстеу коэффициентін қолдана отырып.

100. Жүктерді тиеу мен бекіту үшін меншікті (жалға алынған) вагондарда орнатылған қосымша жабдықтардың салмағы үшін толық емес тоннаны толыққа санап, бұдан басқа № 18 тарифтік сұлба бойынша қосымша төлем алынады.

### **23. Резервтелінген**

101. Резертелінген.

102. Резертелінген.

103. Резертелінген.

104. Резертелінген.

### **24. КЗХ жүйесіне кірмейтін, КЗХ-да құрылыс жүргізетін арнайы жылжымалы құрылымдардың жүрген жолына төлемді белгілеу**

105. КЗХ жүйесіне кірмейтін, КЗХ-да құрылыс жүргізетін арнаулы жылжымалы құрылымдардың (жол машина станцияларының, құрылыс-құрастыру, көпір жөндеу мен жол төсеу поездырының, жылжымалы шеберханалардың, май шаруашылығы базаларының, консольді теміржолдық крандардың және басқа ұқсас арнайы құрылымдардың), сондай-ақ осындай құрылымдардың жеке вагондарына жол және құрылыс жұмыстарын орындауына байланысты жүрген жолына төлем жалпы негізде белгіленеді.

### **25. «ҚТЖ» ҰК» АҚ арнайы және техникалық қажеттіліктері үшін пайдаланылатын вагондарды, «ҚТЖ» ҰК» АҚ - «Магистральдық желі дирекциясы» балансындағы вагондарды, мүкәммалдық (жалпы) парк контейнерлерін және оларды дезинфекциялау, дезинсекциялау және/немесе жуу үшін вагондардың бос жүрісі үшін тасымалдау төлемін белгілеу**

106. «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалдарының теңгеріміндегі және магистральдық теміржол желісі объектілеріне қызмет көрсету, күтіп ұстау және жөндеу жұмыстарын орындау үшін бөгде және үлестес ұйымдармен шарттар бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалдары жалға алатын арнайы өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін жылжымалы құрамның тарифтік станциялары арасында тасымалдау тарифті жалпы негіздерде төлей отырып жүзеге асырылады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің теңгерімінде тұратын және «ҚТЖ» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелері магистральдық темір жол желісі объектілеріне қызмет көрсету, күтіп ұстау және жөндеу жөніндегі жұмыстарды

орындау үшін бөтен және аффициирленген ұйымдармен шарт бойынша жалға алған арнайы өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін жылжымалы құрамның жол жүруі ГУ 33 нысанды бос жылжымалы құрамды тасымалдауға арналған жіберу тізімдемелерін ресімдеу арқылы, ақысыз жүзеге асырылады

«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалдарының теңгеріміндегі және магистральдық теміржол желісі объектілеріне қызмет көрсету, күтіп-ұстау және жөндеу жұмыстарын орындау үшін аралыққа үшінші тарап және үлестес ұйымдармен шарттар бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалдары жалға алатын арнайы өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін жылжымалы құрамды тасымалдау бос жылжымалы құрамды тасымалдауға жіберу ММ-33 нысаны "аралықта жұмыс істеу үшін" деген белгі қойылып, тарифті төлемей, ведомостарын ресімдеумен жүзеге асырылады.

107. Арнайы және техникалық қажеттіліктер үшін бөлінген вагондарда (оларға ДУ-82 нысанындағы куәліктер берілген), сондай-ақ «ҚТЖ» ҰК» АҚ-«Магистральдық желі дирекциясы» (бұдан әрі - ЦЖС) балансындағы вагондарда материалдарды, құралдарды, жабдықтарды орындау үшін аралықтарға арналған жұмыс пойыздарының құрамында тасымалдау магистральдық теміржол желісі объектілеріне қызмет көрсету, күтіп-ұстау және жөндеу жөніндегі жұмыстар «Аралықта жұмыс істеу үшін» деген белгі қойылып, ГУ-64 және ГУ-65 нысанындағы жұмыс істемейтін парктің вагондарында жүктерді тасымалдауға арналған тасымалдау құжаттарын ресімдей отырып, төлемсіз жүзеге асырылады\*.

Арнайы және техникалық мұқтаждар үшін бөлінген вагондарда, сондай-ақ ЦЖС балансындағы вагондарда жүктерді (материалдарды) тасымалдау басқа жағдайларда толық тасымалдау құжаттарын ресімдей отырып жүзеге асырылады, бұл ретте тасымалдау үшін ақы жалпы негіздерде алынады

Жұмысшылар магистральдық темір жол желісі объектілеріне қызмет көрсету, күтіп-ұстау және жөндеу жөніндегі жұмыстарды орындау үшін арлыққа барғанда және кері қайтқанда жұмыс поездарының құрамындағы арнайы және техникалық қажеттіліктер үшін бөлінген вагондарда (ДУ- 82 нысанындағы куәліктер берілген), сондай-ақ ЦЖС балансындағы вагондарда жүрген кезде жұмысшылардың жүрген жолы және осы вагондардың жүрген жолы үшін ақы алынбайды, бұл ретте ГУ-64 және ГУ-65 нысанындағы жүктерді жұмысшы емес парк вагондарымен тасымалдауға арналған тасымалдау құжаттары «аралықта жұмыс істеу үшін» белгісі қойылып ресімделеді.

Жұмысшылардың (жолсеріктердің) басқа жағдайларда (мысалы, материалдарға, жабдықтарға, құрал-саймандарға және т.б. ілесіп барғанда) арнайы және техникалық қажеттіліктер үшін бөлінген вагондарда (ДУ- 82 нысанындағы куәліктер берілген) сондай-ақ ЦЖС балансындағы вагондарда жүру кезінде жұмысшылардың (жолсеріктердің) жол жүргені және осы вагондардың жүргені үшін ақы жалпы негіздерде толық тасымалдау құжаттарын ресімдеумен алынады.

Арнайы және техникалық қажеттіліктер үшін бөлінген вагондардың, сондай-ақ тарифтік қажеттіліктер арасында ЦЖС балансындағы вагондардың бос жүрісі жалпы негіздерде тариф төлей отырып, ГУ-64 және ГУ-65 нысанындағы тасымалдау құжаттарын ресімдеумен жүзеге асырылады.

Арнайы және техникалық қажеттіліктер үшін бөлінген вагондардың, сондай-ақ аралыққа ЦЖС балансындағы вагондардың бос жүрісі «Аралықта жұмыс істеу үшін» деген белгі қойылып, тарифті төлемей, ГУ-64 және ГУ-65 нысанындағы тасымалдау құжаттарын ресімдей отырып жүзеге асырылады.

107-1. Магистральдық теміржол желісі операторының станциялық жолдары мен құрылымдық бөлімшелерінің аумағын тазалау кезінде полигонға қарды, қоқысты және қожды тасымалдау ГУ-64 және ГУ-65 нысанындағы жұмыс істемейтін парктің вагондарында жүктерді тасымалдауға арналған тасымалдау құжаттарын тариф төлемей ресімдей отырып жүзеге асырылады\*

Арнайы және техникалық қажеттіліктер үшін бөлінген вагондарда (оларға ДУ-82 нысанындағы куәліктер берілген), сондай-ақ ОЭО балансындағы вагондарда су тасымалдау тарифті төлемей, ГУ-64 және ГУ-65 нысанындағы жұмыс істемейтін парктің вагондарында жүктерді тасымалдауға арналған тасымалдау құжаттарын ресімдей отырып жүзеге асырылады\*.

*\*106 – 107-1. Өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін жылжымалы құрамның қозғалуы, материалдарды, құралдарды, жабдықтарды, жұмысшыларды тасымалдау үшін арнайы және техникалық үшін бөлінген вагондарда қарды, қоқысты және қожды, сондай-ақ суды тасымалдауға арналған бос вагондарды (жолсеріктерді) шаруашылық қозғалыстағы локомотивтік тартым қызметтері үшін ақы төлеу «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ және «ҚТЖ» ҰК» АҚ арасындағы шарт негізінде жүргізіледі*

108. «ҚТЖ» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің теңгерімінде тұратын, жөндеуге(ден) бағытталатын вагондар мен арнайы өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін жылжымалы құрамның жүрген жолы ГУ-64 және ГУ-65 нысанындағы жұмысшы емес парктің тасымалдау құжаттары бойынша ақы төлеусіз ресімделеді.

108-1 Тиісті станцияларға тіркелген және арнайы мақсаттағы трафареті немесе "... станциясына шұғыл қайтару" трафареті бар бос вагондар мен мүкәммал (жалпы парк) цистерналарын тасымалдау тарифті төлемей жүзеге асырылады.

108-2. Тарифтік станциялар арасында жеке локомотиві бар «рельстер» жүктерін рельстік құрамда, арнайы және техникалық қажеттіліктер үшін бөлінген вагондарда, ЦТС теңгеріміндегі вагондарда тасымалдау кезінде тарифті есептеу осы Тарифтік басшылықтың (прейскуранттың) 107-тармағына сәйкес тарифтік схемалар бойынша әрбір тиелген вагон үшін жалпы негіздерде 1-бөлім жүргізіледі вагон түріне байланысты.

Арнайы және техникалық мұқтаждар үшін бөлінген бос вагондарды, сондай-ақ ЦТЖ теңгеріміндегі вагондарды жүкті жабу үшін рельс тасымалдаушы құрамда пайдаланған кезде, төлемақыны есептеу әрбір жабу вагоны үшін

тасымалданатын жүктің жүктемесінің ең төменгі салмақтық нормасы үшін жеке жүргізіледі.

109. Бос вагондарды түсіру станциясынан (олардың тиістілігіне қарамастан) оларды дезинфекциялау, дезинсекциялау және/немесе жуу үшін жөнелту кезінде ең жақын станция түсіру станцияларында дезинфекциялық, дезинфекциялық, жуу пункті болмаған кезде жүк алушыдан №7 кестеде көрсетілген тарифтік схемалар бойынша вагондардың жүрісі үшін ақы алынады.

Егер тасымалдау шарттары бойынша жүк түсірілгеннен кейін зарарсыздандыру бұқырлау және/немесе жуу жүкті тиер алдында қатар істелінетін операция ретінде жүргізілетін болса онда аталған төлем жүк жөнелтушіден алынады.

110. Мүкәммалдық (жалпы) парктің бос контейнерлерін тасымалдау оларды реттеу тәртібімен тікелей қатынаста жүру кезінде тарифті төлемей толық тасымалдау құжаттарымен ресімделеді.

111. Мүкәммалдық жалпы парктің контейнерлерін вагондағы жинақпен жөнелтуге тасымалдау № 13 тарифтік сұлба бойынша төленеді.

Егер жөндеуге бағытталған мүкәммалдық жалпы парктің контейнерлері жүк тиелген мүкәммалдық жалпы парктің контейнерлерімен бірге тасымалданса, онда төлем жүккөтергіштігі кез келген әрбір бос контейнер үшін № 13 тарифтік сұлба бойынша ставканың 1/4 мөлшерінде алынады. Жүк тиелген контейнерлерлер үшін төлем жалпы негізде алынады.

## **26. Жүккөтергіштігінен және рұқсат етілетін асқынжүктен жоғары жүктің артығы анықталған кезде төлемді белгілеу**

112. Егер жөнелту станциясында жүк жөнелтушінің құралдарымен жүкті тиеу аяқталған және тауар кеңсесіне тасымалдау құжаттарын (оларда тасымалданатын жүктің массасын көрсету арқылы) тапсырған соң вагонның жүккөтергіштігінен артық асқынжүгі табылатын болса, жүк жөнелтуші артығын түсіруге және артық жүкті түсіру үшін болған кідіріс уақытына сүйеніп вагонды пайдаланғаны үшін төлем төлеуге міндетті.

113. Тасымалдаушы жүру жолында вагонның (контейнердің) жүк көтергіштігінен артық жүк массасын анықтаған кезде тасымалдау үшін тасымалдау ақысы мынадай тәртіппен есептеледі:

артық тасымалдау үшін-жөнелту станциясынан (КЗХ кіреберіс түйіспе шекаралық станциясынан) артық жүкті анықтау станциясына дейінгі жүк тасымалының қашықтығы үшін артық тоннаның санын жүк көтергіштігіне тең жүк массасын тасымалдау үшін тасымалдау ақысын вагонның жүк көтергіштігіне бөлу арқылы айқындалатын бір тонна жүкті тасымалдау құнына көбейту жолымен;

жеке вагонға тиелген артық жүкті тасымалдау үшін-осы тарифтік нұсқаулықта (прейскурантта) белгіленген тәртіпке сәйкес жалпы негіздерде өз

бетінше жөнелту ретінде артық жүкті анықтау станциясынан межелі станцияға дейінгі жеке вагонда тасымалдау қашықтығы үшін.

Халықаралық теміржол жүк қатынасы туралы келісімнің (ХТЖК) 16-бабының 3) §3-тармақшасында вагонды жүк көтергіштігінен артық тиегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл) алу көзделген.

Вагонды (контейнерді) жүк көтергіштігінен артық тиегені үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл) 1 тонна жүкті тасымалдау құнын вагондағы (контейнердегі) артық жүктің массасына 5-ке көбейту жолымен есептеледі.

Артық жүктің салмағы вагондағы жүктің нақты салмағы (контейнердің жалпы салмағының нақты салмағы) мен вагонның жүк көтергіштігі (контейнердің жалпы трафареттік салмағы) арасындағы айырмашылық ретінде анықталады.

1 тонна жүкті тасымалдау құны вагонда (контейнерде) жүкті тасымалдау тарифін вагонның белгіленген жүк көтергіштігі бойынша (контейнер үшін тариф) ҚР аумағы бойынша вагонның жүк көтергіштігіне (брутто контейнердің трафареттік массасы) артық жүкті анықтау станциясына дейінгі нақты тасымалдау қашықтығы үшін бөлу жолымен белгіленеді.

Республикалық қатынаста болған вагонды (контейнерді) қайта тиегені үшін айыппұлды есептеу кезінде «Теміржол көлігі туралы» ҚР Заңының 82-бабының ережелері қолданылады, оған сәйкес вагонды, контейнерді жүк көтергіштігінен (сыйымдылығынан) артық тиегені үшін жүк жөнелтушіден тасымалдаушының пайдасына келтірілген залалдарды өтеумен қатар, тасымалдау төлемақысының елу пайызы мөлшерінде айыппұл өндіріледі.

## **27. Күл салынған сауыттарды және мәйіті бар табыттарды тасымалдау үшін төлемді белгілеу**

114. Мәйіті бар табыттарды және күл салынған сауыттарды тасымалдау үшін төлем:

1) жүктік жылдамдықпен тасымалдаған кезде:  
жүк вагондарында - № 13 тарифтік сұлба бойынша;  
тоңазытқыш вагондарда - № 13 тарифтік сұлба бойынша, екі есе ұлғайту арқылы;

2) үлкен жылдамдықпен тасымалдаған кезде - осы Тарифтік басшылықтың (прейскуранттың) 114-тармағының 1) тармақшасында белгіленген тәртіппен, екі есе ұлғайту арқылы;

3) жолаушы поездарымен тасымалдаған кезде - осы Тарифтік басшылықтың (прейскуранттың) 114-тармағының 1) тармақшасында белгіленген тәртіппен, 4 есе ұлғайту арқылы белгіленеді.

115. Күл салынған сауыттарды жеке емес вагондарда тасымалдау үшін төлем:

1) жүктік жылдамдықпен тасымалдаған кезде - № 105 тарифтік сұлба бойынша;

2) үлкен жылдамдықпен тасымалдаған кезде - № 105 тарифтік сұлба бойынша, екі есе ұлғайту арқылы;

3) жолаушы поездарымен тасымалдаған кезде - № 105 тарифтік сұлба бойынша, 4 есе ұлғайту арқылы (күлі салынған сауыттың массасы 100 кг-ға қабылданады) белгіленеді.

## **28. Өзінің осьтеріндегі жүк ретінде тасымалданатын жылжымалы құрамды тасымалдау үшін төлемді белгілеу**

115-1. Осы тараудың ережелері өз осьтерінде жүк ретінде тасымалданатын жылжымалы құрамға (өз осьтерінде тасымалданатын, дайындаушы кәсіпорындардан түсетін жаңа теміржол вагондары (ЖБТСН 421227) немесе есептен шығарылған вагондар, локомотивтер, локомотивтердің тендерлері, электр және дизель пойыздарының вагондары, крандар мен жол машиналары, транспортерлер, сондай-ақ жылжымалы темір жол жүрісіндегі жабдық) толық тасымалдау құжаттары бойынша. Жылжымалы құрамның әрбір бірлігі жеке жөнелтпе деп, ал осы бірліктің меншікті массасы жөнелтпенің массасы саналады.

115-2. Жүк поездарының құрамында жылжымалы құрамды, теміржолдық крандарды тасымалдау үшін төлем, олардың тиесілігіне байланысты (жалпы парктің немесе меншікті/жалға алынған) әмбебап вагондарда жүктерді вагондық жөнелтпелермен тасымалдау ретінде есептеледі.

115-3. Жылжымалы құрамда тасылатын арбашалар мен доңғалақтар жұбы, қосалқы бөлшектер, жылжымалы құрамға тиесілі немесе жолда қажет жабдықтардың бөлшектері мен заттары тасымалдау үшін төлемді есептеген кезде жылжымалы құрамның құрамдас бөлігі болып саналады, ал олардың массасы жылжымалы құрамның массасына қосылады.

115-4. Осы Тарифтік басшылықтың (прейскуранттың) 115-2 тармағында көрсетілген жылжымалы құрамды тасымалдау үшін төлем осы Тарифтік басшылықтың (прейскуранттың) 115-3-тармағында көрсетілмеген басқа жүктермен тиелген жылжымалы құрам бөлек және оған тиелген жүк бөлек жалпы негізде есептеледі.

## **29 тарау. Транзиттік жүкті тасымалдау кезінде төлемді белгілеу**

115-5. Қазақстан Республикасының станцияларында қабылданған және Қазақстан Республикасының басқа станциясының тағайындалған ішкі тасымалдау құжаттары бойынша ресімделген, Қазақстан Республикасының межелі станциясына келгеннен кейін басқа елге әкету үшін автомобиль көлігіне қайта тиелген жүкті бір елден автомобиль көлігімен әкелу кезінде:

төлем халықаралық транзиттік тариф бойынша Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің темір жолдарының осы фрахталық жылға арналған халықаралық қатынастарда жүктерді тасымалдауға арналған тарифтік саясатының ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасының темір жолы бойынша жүктерді автомобиль көлігінен темір жол көлігіне қайта жөнелту

КЗХ станциясынан теміржол көлігінен автомобиль көлігіне жүкті қайта жөнелту КЗХ станциясына дейінгі арақашықтық үшін есептеледі.

Тасымалдау үшін тасымалдау төлемдерін есептеу тариф валютасында - швейцариялық франкте тасымалдау шартын жасасу күніне (жөнелту станциясында шарттық тасымалдаушының күнтізбелік мөртабанының бедері) жүзеге асырылады.

